MS 170, 180



2 - 49 Қолдану нұсқаулығы
49 - 95 Инструкция по эксплуатации

Мазмұны

1 Қолдану нұсқаулығына....2
2 Қауіпсіздік техникасы ережелері....3
3 Реакция күші....9
4 Жұмыс техникасы....10
5 Кескіш гарнитура....18
6 Араның бағыттаушы шинасы мен шынжырын монтаждау (шынжырдың беткі керілуі)....18
7 Араның бағыттаушы шинасы мен шынжырын монтаждау (шынжырдың жылдам керілуі)....19
8 Араның бағыттаушы шинасы мен шынжырын монтаждау (шынжырдың бүйірлік керілуі)....22
9 Ара шынжырының керілуі (араның беткі керілуі)....23
10 Ара шынжырының керілуі (араның жылдам керілуі)....23
11 Ара шынжырының керілуі (араның бүйірлі керілуі)....23
12 Ара шынжырының керілісін бақылау....24
13 Жанармай....24
14 Жанармайды толтырып құю....25
15 Шынжырларды майлауға арналған май26
16 Шынжырларды майлауға арналған майды құю....26
17 Шынжырдың майын тексеру....27
18 Тежеуіш шынжыры....27
19 Моторды іске қосу / тоқтату....28
20 Қолдану жөніндегі нұсқаулар....32
21 Бағыттаушы шинаны бабында ұстау....33
22 Қаптама....33
23 Ауа тазалау сүзгісін тазалау....34
24 Карбюраторды ретке келтіру....34
25 От алдыру білтесі....35
26 Құрылғыны сақтау....36
27 Шынжырлы тісті доңғалақты тексеру және ауыстыру....36
28 Техникалық қызмет көрсету және араның шынжырын қайрау....37
29 Техникалық қызмет көрсету және күтім көрсету жөніндегі нұсқаулар....41
30 Тозуды азайту және ақаулардың алдын алу....43
31 Маңызды толымдаушылары....44
32 Техникалық сипаттамалар....45
33 Қосалқы бөлшектерін сатып алу....47
34 Жөндеу бойынша нұсқаулар....47
35 Кәдеге жарату....47
36 ЕО нормаларына сәйкестік сертификаты....47
37 Мекенжайлар....48


Құрметті сатып алушылар,

STIHL фирмасының жоғары сапалы бұйымын сатып алуға бел байлағаныңыз үшін үлкен рахмет айтамыз.

Аталған бұйым өндірістің озық технологияларын қолдана отырып, сонымен қатар сапаны қамтамасыз ету жөніндегі барлық қажетті шараларды ескере отырып дайындалған. Осы агрегат Сіздің көңіліңізден шығуы үшін және оны еш кедергісіз қолдануыңыз үшін біз қолымыздан келгеннің барлығын істеуге тырысамыз.

Егер Сізде агрегатыңызға қатысты сұрақтар туындаса, өз дилеріңізге немесе біздің өткізу компаниямызға жүгінуіңізді сұраймыз.

Сіздің



Др. Nikolas Stihl

1 Қолдану нұсқаулығына

Осы қолдану жөніндегі нұсқаулық STIHL бензин арасына қатысты болып келеді, аталған нұсқаулықта сонымен қатар мотоқұрылғы да көрсетіледі

1.1 Суреттердегі нышандар

Құрылғыға жабыстырылған суреттердегі барлық нышандардың анықтамасы, осы қолдану жөніндегі нұсқаулықта келтірілген.

Құрылғының түріне және жарақтандыруына байланысты, құрылғыға келесі суреттер, яғни нышандар жабыстырыла алады.


Жанармай багы; бензин мен мотор майының жанармай қоспасы


Шынжырдың майлағыш майына арналған бак; шынжырдың майлағыш майы


Ара шынжырының тежегішін бұғаттаңыз және жіберіңіз


Инерциялы тежегіш


Шынжырдың қозғалыс бағыты


Ematic; шынжырға арналған майлағыш майдың беріліс мөлшерін реттеу

Түпнұсқалық қолдану нұсқаулығы 0000006883_013_KZ

Хлормен ағартылған қағазда басылып шығарылған Басып шығаратын бояулардың құрамында өсімдік майлары бар, қағазды қайта өңдеуге болады.

© ANDREAS STIHL AG & Co. KG 2022 0458-206-4921-C. VA0.M21.



Ара шынжырын керу



Сіңіретін ауаға арналған бағыттауыш: Қыс мезгілінде жұмыс істеуі



Сіңіретін ауаға арналған бағыттауыш: Жаз мезгілінде жұмыс істеуі



Тұтқышты жылыту



Декомпрессиялы қақпақшаны іске қосу



Қолдан жұмыс атқаратын жанармай сүзгісін іске қосу

1.2 Мәтін бөлімдерінің белгіленуі

Сақтандыру

Жазатайым оқиғаның және жарақат алудың, сонымен қатар күрделі материалдық нұқсанның қаупі жайында адамдарға ескерту.

Нұсқау

Құрылғының немесе жекелеген толымдаушылардың бүліну мүмкіндігі жайында ескерту.

1.3 Техникалық өзірленім

STIHL компаниясы барлық машиналарды және құрылғыларды одан әрі өзірлеумен ұдайы айналысуда; сондықтан пішін, техника және жабдықтар бойынша жеткізілімнің толымдаушыларына барлық өзгерістерді енгізу құқығын өзімізге қалдыруға тиіспіз.

Сол себепті осы қолдану жөніндегі нұсқауларықтың нұсқауларына және суреттеріне қатысты ешқандай кінәраттар тағыла алмайды.

2 Қауіпсіздік техникасы ережелері

Мотоарамен жұмыс істеген кезде айрықша қауіпсіздік іс-шараларын сақтау қажет болады, себебі жұмыс шынжырдың қозғалыс жылдамдығымен орындалады және кескіш тістер өткір болады.



Бірінші рет қолданысқа енгізген кезде, қолдану жөніндегі нұсқаулықпен мұқият танысып алыңыз, алдағыда пайдалану мақсатымен сенімді жерге сақтап қойыңыз. Қолдану жөніндегі нұсқаулықты ұстанбау, өмірге қауіп төндіре алады.

2.1 Жалпы нұсқаулар

Қауіпсіздік техникасына қатысты жергілікті ережелерді, мысалы кәсіподақтардың, әлеуметтік кассалардың, еңбек қорғау жөніндегі органдардың және басқа мекемелердің ережелерін сақтаңыз.

Қатты шуыл шығаратын мотоаралардың қолданылуы, уақыт өте келе ұлттық және жергілікті нұсқаулармен шектеле алады.

Мотоаралармен бірінші рет жұмыс істейтін әрбір адам: Агрегатты қалай қолдану керектігі туралы сатушыдан немесе басқа маманнан нұсқау алуы керек немесе арнайы оқу курсынан өтуі қажет.

Қараумен оқытылып жатқан 16 жасқа толған жас адамдарды қоспағанда, кәмелеттік жасқа толмағандарға мотоарамен жұмыс істеуге рұқсат берілмейді.

Балалар, жануарлар және бөгде адамдар алшақ жерде болуы тиіс.

Пайдаланушы жазатайым оқиғалар үшін немесе басқа адамдарға немесе олардың мүлкіне төнетін қауіп үшін жауапты болады.

Мотоараны, оны қолдана алатын адамдарға ғана беруге немесе жалға беруге рұқсат етіледі – әрдайым пайдалану нұсқаулығын қоса ұсыныңыз.

Бензин арасымен жұмыс істейтін адамдар демалған, дені сау болуы керек және дене күшінің жағдайы жақсы болуы қажет. Денсаулық жағдайы бойынша жүктеме ұсынылмайтын адамдар, бензин арасымен жұмыс істей алатындығы туралы дәрігерден кеңес алуы тиіс.

Алкогольді, жауап қайтару қабілетін төмендететін дәрілерді немесе есірткіні тұтынғаннан кейін бензин арасымен жұмыс істеуге болмайды.

Ауа райы қолайсыз болған кезде (жаңбыр, қар, мұз, жел) жұмыстарды кейінге қалдыру қажет - жазатайым оқиғаның туындау қаупі төне алады!

Имплантацияланған кардиостимуляторы бар адамдарға ғана: аталған бензин араларының от алдыру жүйесінен өте аз ауқымдағы электр магнит өрісі туындайды.
Кардиостимуляторлардың жекелеген түрлеріне электр магниттік өрістің тигізетін әсерін толықтай алып тастауға болмайды. Денсаулыққа төнетін қауіптен сақтану мақсатында STIHL компаниясы емдеуші дәрігерге және кардиостимулятордың дайындаушысына жүгінуге ұсыныс береді.

2.2 Мақсатына сай қолдану

Бензин араларын тек қана сүректі және ағаштан жасалған заттарды кесу үшін қолданыңыз.

Бензин арасын басқа мақсаттар үшін қолдануға болмайды, себебі жазатайым оқиғаның туындау қаупі төне алады!

Бензин арасының құрылымына қандай да бір өзгерістерді енгізбеңіз, бұл жағдайда қауіпсіздікке нұқсан келуі мүмкін. STIHL компаниясы қолданысқа рұқсат етілмеген аспалы құрылғыларды қолданудың салдарынан адамға және мүлікке келтірілген нұқсан үшін күтілетін жауапкершіліктен бас тартады.

2.3 Киімдер мен жарақтандыру

Белгіленген киімдер мен керек-жарақтарды қолданыңыз.



Киім мақсатқа сай қолданылуы тиіс және жұмысқа кедергі келтірмеуі қажет. Кесіктен қорғайтын қорғаныш төсемесі бар **тығыз жататын киімді кигеніңіз жөн** – бірақ жұмыс халаты емес.

Ағашқа, ұсақ қопаларға немесе мотоараның қозғалмалы бөлшектеріне іліне алатын киімді кимеңіз. Сонымен қатар мойынорағыш, галстук және қандай да бір әшекей тағуға болмайды. Ұзын шаш оралуы және бекітілуі керек (орамал, бас киім, дулыға және т.б.).



Тіліктен қорғайтын, қырлы табаны және болаттан жасалған ендірме салынған тұмсығы бар қорғаныш етіктерін **киіңіз**.

Сақтандыру



Көзге жарақат келтіру қауіптілігін төмендету үшін EN 166 стандартына сәйкес тығыз қабысатын қорғаныс көзілдірігін немесе қорғаныс бет құралдарын пайдаланыңыз. Қорғаныс көзілдірігінің және қорғаныс бет құралдарының дұрыс орнатылғанына назар аударыңыз.

Есту мүшелерін қорғайтын "жеке" құралдарды, мысалы естуді қорғауға арналған капсуланы қолданыңыз.

Төменге қарай құлайтын заттардан жарақат алып қалатын қауіптілік төнетін болса, онда қорғаныс дулығасын киіңіз.




Тозуға төзімді материалдан (мысалы, теріден) жасалған берік жұмыс қолғаптарын киіңіз.

STIHL компаниясы жеке қорғаныш құралдарының кең бағдарламасын ұсынады.

2.4 Тасымалдау

Тасымалдаудың алдында, тіпті қысқа қашықтыққа тасымалдаудың алдында бензин арасын әркез сөндіріп тұрыңыз, ара шынжырының тежегішін бұғаттаңыз және шынжырдың қорғанышын монтаждаңыз. Осының арқасында ара шынжыры кенеттен іске қосылмайтын болады.



Бензин арасын басқа жерге көшірген кезде, оның түтікшелі тұтқышынан ұстаңыз, қызып тұрған бәсеңдеткішті денеден аулақ ұстаңыз, бағыттауыш шинаны артқа қарай бағыттаңыз. Агрегаттың қызып тұрған бөлшектерін, әсіресе шу басқыштың беткі қабатын ұстамаңыз, себебі күйік алып қалуыңыз мүмкін!

Автокөліктің ішінде: бензин арасын төңкерілуден, бүлінуден қорғаңыз және жанармайдың ағып кетуінен және шынжырды майлауға арналған майдың ағып кетуінен сақтаныңыз.

2.5 Тазарту

Пластмассадан жасалған бөлшектерді шүберекпен тазартыңыз. Тазарту кезінде

өткір бөлшектер жылтыр бөлшектерді бүлдіре алады.

Бензин арасын шаң мен кірден тазартыңыз - май еріткіштерді қолданбаңыз.

Салқындатқыш ауаға арналған оймакілтектерді де тазартқаныңыз жөн.

Бензин арасын тазарту үшін жоғары қысымды жуғыштарды қолданбаңыз. Судың қатты ағыны бензин арасының бөлшектерін бүлдіре алады.

2.6 Керек-жарақтар

STIHL фирмасы тарапынан осы бензин арасы үшін қолдануға рұқсат етілген құрал-сайманды, бағыттауыш шиналарды, ара шынжырларын, шынжыр жұлдызшаларын, жабдықтарды немесе осыған ұқсас бөлшектерді ғана орнатыңыз. Қандай да бір сұрақтар туындаса мамандандырылған дилерге жүгініңіз. Жоғары сапалы құрал-саймандарды немесе керек-жарақтарды ғана қолданыңыз. Керісінше жағдайда жазатайым оқиғаның туындау қаупі немесе бензин арасының бүлінү қаупі төне алады.

STIHL компаниясы, STIHL компаниясы ұсынған түпнұсқалы құрал-саймандарды, бағыттауыш шиналарды, ара шынжырларын, шынжыр жұлдызшаларын және керек-жарақтарын қолдануға кеңес береді. Олар өздерінің сипаты жағынан агрегатпен оңтайлы түрде келістірілген және пайдаланушының талаптарына сай келеді.

2.7 Жанармай толтыру



Бензин оңай тұтанатындықтан – жанып тұрған оттың жанында жұмыс істемеңіз, жанармайды ағызбаңыз, темекі шекпеңіз.

Жанармайды құймас бұрын моторды сөндіріп қойыңыз.

Мотор толығымен суымайынша, оған жанармайды құймаңыз, себебі жанармай ағып кете алады, соның салдарынан **өрттің туындау қаупі төне алады!**

Артық қысым баяу төмендеуі үшін және жанармай шашырамауы үшін бактың қақпағын абайлап ашыңыз.

Жанармайды жақсылап желдетілетін жерлерде ғана құйыңыз. Егер де жанармай ағылып кетсе, одан бензин арасын дереу тазартыңыз. Жанармайды киімге тамызбаңыз, керісінше жағдайда киіміңізді дереу ауыстырыңыз.

Бензин аралары келесі түрдегі бактың қақпақтарымен бірге серия бойынша жеткізіле алады:

Бактың бұрандалы қақпағы



Жанармайды құйып болғаннан кейін, бактың қақпағын нықтап тартыңыз.

Осының арқасында, бұл мотордың дірілдерінен бактың тиектеу құрылғысының бұралып қалуын, соның нәтижесінде жанармайдың ағып кету қаупін азайтады.



Саңылауы бар екеніне назар аударыңыз! Жанармай ағып кеткен жағдайда, моторды іске қоспаңыз – **өрт шалып, өмірге қауіп төнуі мүмкін!**

2.8 Жұмысты бастамас бұрын

Бензин арасының мінсіз жұмыс атқаруын тексеріңіз және қолдану жөніндегі нұсқаулықтағы тиісті тарауға назар аударыңыз:

– Жанармай жүйесінің герметикалылығын, әсіресе көрінетін бөлшектерін, мысалы бактың құлпын, шланг байланыстарын, қолдан істейтін жанармай сорғышын (тек қана қолдан істейтін жанармай сорғысы бар бензин араларында) тексеру керек. Герметикалы емес болса немесе қандай да бір жерлері бүлінсе моторды іске қоспаңыз – **өрттің туындау қаупі төне алады!** Бензин арасын қолданысқа енгізер алдында, оны күйге келтіру үшін мамандандырылған дилерге бергеніңіз жөн.
– Ара шынжырының жарамды тежегіші, қолдың алдыңғы қорғанышы
– Бағыттауыш шина дұрыс монтаждалған
– Дұрыс керілген ара шынжыры
– Газ иінтірегі және газ иінтірегінің бекіткіші оңай қозғалуы қажет, газ иінтірегі босатылғаннан соң бастапқы қалпына келуі тиіс
– Құрамдастырылған иінтірек келесі күйге оңай орнатылады: **STOP**, **0** немесе ⊖
– От алдыру тоқсымындағы түйіспелі ұштықтың берік орналасуын тексеріңіз - ұштық берік орналаспаған болса ұшқын шығып, соның салдарынан жанармай-ауа қоспасы тұтанып кете алады – **өрттің туындау қаупі төне алады!**

– Басқару элементтеріне немесе қорғаныш тетіктеріне кез-келген өзгеріс енгізуге тыйым салынады
– Қолыңыз майдан және кірден тазартылған, таза әрі құрғақ болуы қажет, онысы бензин арасын сенімді түрде басқару үшін маңызды шарт болып табылады
– Шынжыр үшін бактағы жанармай-жағар май жеткілікті болу керек

Бензин арасы тек қана сенімді қолданыс күйінде қолданылуы қажет – **жазатайым оқиғаның туындау қаупі төне алады!**

2.9 Бензин арасын іске қосу

Тек қана тегіс негіздемеде. Сенімді және орнықты күйге қойыңыз. Бұл ретте бензин арасын сенімді түрде ұстаңыз - кескіш гарнитура заттарға және еденге тимеуі керек, соның себебінен, айналып жүретін шынжырдан жарақат алу қаупі туындайды.

Бензин арасын тек қана бір адам пайдаланады. Жұмыстардың орындалатын аумағында, соның ішінде бензин арасын іске қосқан кезде бөгде адамдар болмауы қажет.

Егер де ара шынжыры қиманың саңылауында орналасқан болса, бензин арасын іске қоспаңыз.


Мотор, жанармай толтырылатын жерден кемінде 3 метрлік қашықтықта және жабық орынжайларда толтырылуы тиіс.

Моторды іске қосар алдында ара шынжырының тежегішін бұғаттаңыз - айналмалы ара шынжырынан жарақат алу **қаупі төне алады!**

Моторды қолдан жібермеңіз - қолдану жөніндегі нұсқаулықта сипатталғандай іске қосыңыз.

2.10 Жұмыс барысында

Әрқашан сенімді және орнықты күйге қойыңыз. Егер де ағаштың қабығы ылғал болса абайлаңыз – **тайғанап кету қаупі төне алады!**



Бензин арасымен жұмыс істеген кезде әркез **екі қолыңызбен мықтап ұстаңыз:** оң қолыңыз артқы тұтқышта тұрады, солақайларға да осылайша болады. Бензин арасын сенімді түрде басқару үшін түтікшелі тұтқышты және тұтқышты бас бармақпен тығыздап ұстап алыңыз.

Қауіп төнетін болса немесе шұғыл жағдай орын алса, моторды бірден сөндіріңіз – құрамдастырылған иінтіректі/тоқтатуды ауыстырып-қосқышты **STOP**, **0** немесе ↺ бағытында орнатыңыз.

Бензин арасын ешқашан да қараусыз қалдырмаңыз.

Тайғанақ, ылғал болғанда, қар басқанда, мұз болғанда, тау еңісінде, кедір-бұдыр жерлерде немесе сүректің қабығын аршығаннан кейін абайлаңыз – **тайғанап кете аласыз!**

Кедергілерге назар аударыңыз: томарлар, тамырлар, жыралар – **сүріне кете аласыз!**

Жалғыз жұмыс істемеңіз - апат болған жағдайда көмек көрсетуге үйретілген басқа адамдарды әрдайым шақыра алатын қашықтықта болыңыз. Егер де агрегат жұмыс істейтін аймақта көмекшілер де болса, олар да қорғаныш киімін (дулығаны!) киюге тиіс және аралап кесілетін бұтақтардың астында тұрмауы керек.

Құлақ бітеуіштерін пайдаланған кезде, аса мұқият және сақ болуыңыз керек, себебі ескерту дыбыстарын сезу қабілеті (айғайлар, дабыл белгілері және т.б.) шектеледі.

Төтенше шаршауды болдырмас үшін, жұмыс барысында уақытымен үзіліс жасап тұрғаныңыз жөн – **жазатайым оқиғаның туындау қаупі төне алады!**

Жұмыс барысында түзілетін шаң (мәселен, сүрек шаңы), баулар және түтін денсаулығыңызға күрделі зиян тигізе алады.

Шаң көптеп түзілетін болса, шаңға қарсы бетперде тағыңыз.

Егер де мотор жұмыс істемесе, газ иінтірегін босатқаннан кейін, ара шынжыры біраз уақыт бойы қозғала береді - инерция бойынша қозғалыс әсері.

Бензин арасымен жұмыс істегенде және жұмыс істеп тұрған бензин арасының жанында темекі шекпеңіз – **өрттің туындау қаупі төне алады!** Жанармай жүйесінен жанғыш бензин булары ұшып шыға алады.

Ара шынжырын үнемі, қысқа уақыт аралықтарынан кейін және көзге білінетін өзгерістер орын алған кезде дереу тексеріп тұрыңыз:
– Моторды тоқтатыңыз, ара шынжырының тоқтағанын күте тұрыңыз
– Жай-күйін және отырған беріктігін тексеріңіз
– Пышақтардың егелген дәрежесін ескеріңіз

Мотор жұмыс істеп тұрған кезде ара шынжырын ұстамаңыз. Ара шынжырын қандай да бір затпен бұғаттаған кезде, моторды дереу тоқтатыңыз – тек қана осыдан кейін затты алып тастаңыз – **жарақат алу қаупі төне алады!**

Бензин арасынан аулақ кетер алдында моторды сөндіріңіз.

Ара шынжырын ауыстыру үшін моторды тоқтатыңыз. Моторды жоспарлы түрде іске қосқан кезде – **жарақат алу қаупі төне алады!**

Жеңіл тұтанатын материалдар (мәселен, жоңқалар, қабықтар, құраған шөп, жанармай) пайдаланып болған газдардан және бәсеңдеткіштің қабатынан алшақ жерде ұстаңыз – **өрттің туындау қаупі төне алады!** Катализаторлы бәсеңдеткіштер өте қатты қызып кете алады.

Шынжырды майламай ешқашан да жұмыс істемеңіз, май багындағы майдың деңгейін бақылап тұрыңыз. Май багындағы май деңгейі өте төмен болса жұмысты дереу тоқтатыңыз және шынжырды майлауға арналған майды толтырыңыз - "Шынжырды майлауға арналған майды толтыру" және "Шынжырдың майын тексеру" бөлімдерін қараңыз.

Егер де бензин арасы арналымынан тыс жүктемеге ұшыраған болса (мәселен, соққы немесе құлау нәтижесіндегі күштің әсерінен), алдағыда жұмыс істер алдында агрегаттың қолданыс күйін тексеріп алыңыз - "Жұмысты бастар алдында" бөлімін қараңыз.

Ең алдымен жанармай жүйесінің герметикалылығын және қорғаныш құрылғыларының жұмысын тексеріңіз. Жұмыс барысында қауіпті болатын бензин араларын ешбір жағдайда қолданбаңыз. Қандай да бір күмән туындаса, мамандандырылған дилерге жүгініңіз.

Газ иінтірегін босатқаннан кейін ара шынжыры қозғалмас үшін, бос жүрісте қозғалыстың мінсіз айналуына назар аударыңыз. Бос жүрістің баптауларын үнемі ретке келтіріп тұрыңыз және мүмкіндігінше түзетіңіз. Егер де бос жүрістің ара шынжыры әлі де қозғалып жатса, оны мамандандырылған дилерге жөндеуге апару керек.



Мотор іске қосылғаннан кейін, бензин арасынан пайдаланылып болған улы газдар бірден шыға бастайды. Бұл газдардың иісі болмауы және көрінбеуі мүмкін, сонымен қатар құрамында көмірсутегілер мен бензол бола алады. Бензин арасын ешбір жағдайда жабық немесе нашар желдетілетін, соның ішінде катализатормен жабдықталған орынжайлардың ішінде қолданбаңыз.

Жыраларда, ойпаттарда немесе тар шарттарда жұмыс істеген кезде, жеткілікті ауа алмасуын қамтамасыз ету қажет - **уланудың салдарынан өмірге қауіп төне алады!**

Лоқсығанда, бас ауырғанда, көру қабілеті нашарлағанда (мысалы, көру ауқымының азаюы), есту қабілетін нашарлағанда, бас айналғанда, назар аудару қабілеті төмендегенде жұмысты дереу тоқтатыңыз - басқа себептердің арасында, аталған симптомдар пайдаланылып болған газдардың жоғары дәрежелі шоғырланымынан пайда бола алады - **жазатайым оқиғаның қаупі төне алады!**

2.11 Жұмысты аяқтағаннан кейін

Моторды тоқтатыңыз, ара шынжырының тежегішін бұғаттаңыз және шынжыр қорғанышын орнатыңыз.

2.12 Сақтау шарттары

Егер де бензин арасы қолданылмаса, оны ешкімге кедергі келтірмейтіндей етіп аулақ

қойған жөн. Бензин арасын рұқсатсыз қолданудан қорғаныңыз.

Бензин арасын құрғақ орындардың ішінде сенімді етіп сақтаңыз.

2.13 Дірілдер

Мотоқұрылғыны тым ұзақ қолданатын болсаңыз, дірілдің себебінен қолдағы қан айналым жүйесі бұзыла алады ("ақ саусақтар" синдромы).

Құрылғының көпшілік мақұлдаған қолданыс ұзақтығы анықтала алмайды, себебі оның көптеген факторлары бар.

Құрылғының қолданыс ұзақтығы келесі шаралардың арқасында ұлғаяды:
– қол қорғанышы (жылы қолғаптар);
– жұмыс барысындағы үзіліс.

Құрылғының қолданыс ұзақтығы келесі себептерге орай қысқарады:
– жұмысшының қан айналым жүйесі нашар болса (оның белгілері мынадай болады: саусақтар тона береді, қышып дуылдайды);
– сыртқы температуралар төмен болса;
– мотоқұрылғыны ұстау үшін көп күш-жігер жұмсалса (оны қатты ұстаған кезде, қан айналымына кедергі келтіріледі).

Мотоқұрылғыны ұдайы, ұзақ қолданған кезде және тиісті симптомдар қайтадан пайда болған кезде (мысалы, саусақтардың дуылдауы) үнемі медициналық байқаудан өтіп тұрғаныңыз жөн.

2.14 Жөндеу және техникалық қызмет көрсету

Жөндеу, тазарту және техникалық қызмет көрсету жөніндегі жұмыстарды, сонымен қатар кескіш гарнитуралы жұмыстарды атқарар алдында моторды әркез тоқтатып тұрыңыз. Ара шынжырын жоспарлы түрде іске қосқан кезде – **жарақат алу қаупі төне алады!**

Айрықша жағдайлар: карбюраторды және бос жүрістің тәртіптемесін ретке келтіру.

Бензин арасына үнемі техникалық қызмет көрсетіп отырыңыз. Осы қолдану жөніндегі нұсқаулықта сипатталған техникалық қызмет көрсету және жөндеу жұмыстарын ғана орындау керек. Жұмыстардың барлық бас түрлерін мамандандырылған дилерге тапсыру қажет.

STIHL фирмасы техникалық қызмет көрсету және жөндеу жұмыстарын тек қана STIHL фирмасының сауда-агенті-маманына тапсыруыңызға ұсыныс береді. STIHL фирмасының мамандандырылған агенттері-мамандары біліктілікті арттыру курстарына үнемі қатысып тұрады және олардың иелігіне техникалық ақпарат ұсынылады.

Жоғары сапалы қосалқы бөлшектерді ғана қолданыңыз. Керісінше жағдайда жазатайым оқиғаның туындау қаупі немесе бензин арасының бүліну қаупі төне алады. Қандай да бір сұрақтар туындаса мамандандырылған дилерге жүгініңіз.

Бензин арасының құрылымына қандай да бір өзгерістерді енгізбеңіз, бұл жағдайда қауіпсіздікке нұқсан келуі мүмкін – **жазатайым оқиғаның туындау қаупі төне алады!**

Егер де құрамдастырылған иінтірек **STOP**, **0** немесе ⏻ күйінде орнатылған болса, бензин арасын қосқан кезде, оның от алдыру тоқсымындағы түйіспелі ұштығын алып тастаңыз немесе от алдыру білтесін бұрап алыңыз – **цилиндрдің сыртында ұшқын болғандықтан** тұтану қаупі төне алады!

Агрегатқа техникалық қызмет көрсетуге және жанып тұрған оттың дәл жанында сақтауға тыйым салынады, себебі **жанармайдың тұтануынан,** өрттің туындау қаупі төне алады!

Бак қақпағының герметикалылығын үнемі тексеріп отырыңыз.

STIHL компаниясы тарапынан рұқсат етілген, жарамды от алдыру білтелерін ғана қолданыңыз - "Техникалық сипаттамалар" бөлімін қараңыз.

От алдыру шынжырының кабелін тексеріңіз (оқшаулағыштың мінсіз болуы, қосылыстың тығыз болуы).

Бәсеңдеткіштің мінсіз күйін тексеріңіз.

Жарамсыз немесе алынған бәсеңдеткішпен жұмыс істеуге болмайды – **тұтану, есту қабілетіне зиян тию қаупі төне алады!**

Ыстық бәсеңдеткішті ұстамаңыз – **күйік алу қаупі төне алады!**

Дірілге қарсы элементтердің күйі, діріл кезінде агрегаттың күйіне әсер етеді - дірілге қарсы элементтерді үнемі тексеріп тұру қажет.

Шынжыр ұстап алғышты тексеріңіз – егер бүлінсе, басқасына ауыстырыңыз.

Моторды тоқтатыңыз
– Ара шынжырының керілуін бақылау үшін

– Ара шынжырын керу үшін
– Ара шынжырын ауыстыру үшін
– Ақаулықтарды жою үшін

Егеу жөніндегі нұсқаулықты ұстаныңыз – сенімді және дұрыс жұмыс істеу үшін шынжыр мен бағыттауыш шина мінсіз күйде күтіп ұсталуы тиіс, ара шынжыры дұрыстап қайралған және жақсылап майланған болуы тиіс.

Ара шынжыры, бағыттауыш шина және шынжыр жұлдызшасы дер уақытында ауыстырылуы керек.

Біріктіргіш атанақтың мінсіз күйін ұдайы бақылау қажет.

Шынжырға арналған жанармай және майлағыш май, нұсқаулықтарға сай рұқсат етілген және таңбаланған ыдыстарда ғана сақталуы тиіс. Құрғақ, салқын әрі сенімді жерде сақтаңыз, жарық пен күн сәулесінен қорғаңыз.

Ара шынжыры тежегішінің жұмысы бұзылса, моторды дереу тоқтату қажет – **жарақат алу қаупі төне алады!** Мамандандырылған делдалға жүгініңіз - ақаулық кетірілмейінше бензин арасын қолданбаңыз - "Ара шынжырының тежегіші" бөлімін қараңыз.


3 Реакция күші

Келесі реакциялық күштер аса жиі туындайды: кері беріліс, кері соққы және аралап кесуге тартылу.

3.1 Кері беріліс кезінде төнетін қауіп




Кері беріліс, өлімге әкеліп соқтыратын тілінген жарақаттар жасай алады.



Кері беріліс (КБ) кезінде, бақылаудан тыс шыққан ара, пайдаланушыға қарай кенеттен жылдамдайды.

3.2 Кері беріліс келесі жағдайларда туындайды, егер



– шина басының жоғары ширегінің аймағындағы ара шынжыры ағашпен немесе басқа да қатты затпен кездейсоқтан соқтығысса – мәселен, бұтақтарды аралап кескен уақытта басқа бұтаққа кенеттен жанасып кетсе
– шинаның басындағы ара шынжыры аздаған уақыт аралығында қиманың ішінде қысылады

3.3 QuickStop тежегіш шынжырының тежегіші:


Белгілі бір жағдайларда жарақат алу қаупін азайтады, бірақ қандай да бір берілістен арылуға болмайды. Тежегіш іске қосылған кезде, ара шынжыры бірнеше секундқа тоқтап қалады –
осы қолдану жөніндегі нұсқаулықта берілген „Ара шынжырының тежегіші” бөлімін қараңыз.

3.4 Кері берілістің орын алу қаупін төмендету

– ойлап жұмыс істеңіз, жұмыстың дұрыс техникасын қолданыңыз
– Бензин арасын екі қолмен ұстаңыз
– толық газ берілген кезде ғана жұмыс істеңіз
– шинаның басын байқап тұрыңыз
– шинаның басымен аралап кеспеңіз
– Бірнеше қатты бұтақтар болса, төмен өскіндер мен өсінділер болса аса сақ болыңыз – ара шынжыры олардың ішінде шатасып кете алады
– бірнеше бұтақтарды бірге кеспеңіз
– жұмыс істеген кезде алдына қарай қатты иілуге болмайды
– иық деңгейінен жоғары жерде аралап кеспеңіз
– Басталған аралап кесу орнына шинаны аса абайлап орнатыңыз


– „ойып кесу” шарасын, осылайша жұмыс істеу техникасы саласында машық болса ғана істеуге болады
– аралап кесу саңылауын жауып тұратын, сонымен қатар ара шынжырын қыса алатын күштерге және діңгектерге назар аударғаныңыз жөн
– дұрыстап егелген және керілген ара шынжырымен ғана жұмыс істеңіз – тереңдікті шектегіштің қашықтығы өте көп болмауы тиіс
– берілісті төмендететін ара шынжырын қолданыңыз, сонымен қатар кішігірім шина бастиегі бар бағыттауыш шинаны пайдаланыңыз

3.5 Тартып әкету (A)



Егер де бағыттауыш шинаның төменгі жағымен бензин арасы арқылы аралап кескен кезде – алдыңғы қима – шынжыр сүректің ішіндегі қатты затқа қысылса немесе тіреліп жатса, аралар діңгек жағына қарай соққымен тартып әкетіле алады – сондықтан **осыны болдырмас үшін тісті тіректі әрдайым сенімді түрде орнатыңыз**.

3.6 Кері соққы (B)



Егер де бағыттауыш шинаның жоғарғы жағымен аралап кескен кезде – ара шынжыры сүректің ішіндегі қатты затқа қысылса немесе тіреліп жатса, ара пайдаланушыға қарай лақтырыла алады – сондықтан **осыны болдырмас үшін**:
– бағыттауыш шинаның жоғары жағын қыспаңыз
– қимадағы бағыттауыш шинаны төңкермеңіз

3.7 Аса мұқият болыңыз

– ағаштарды құлатқан кезде салбыраған ағаштар болса,
– басқа ағаштардың арасында діңгектің сәтсіз құлауының салдарынан ішкі керілісі бар діңгектер болса
– желмен бұзылған аймақтарда жұмыс істеген кезде

Осындай жағдайларда бензин арасымен жұмыс істемеу керек, оның орнына қармау, жүкшығыр немесе тартқышты қолданыңыз.

Бос жатқан және аралап кесу кезінде босатылған діңгектерді тартыңыз. Мүмкіндігінше, ашық жерлерде пысықтаңыз.

Құрап қалған ағаш (құраған, шіріген немесе өспейтін сүрек) – жоғары дәрежелі, қиын болжана алатын қауіп болып табылады. Қауіпті анықтау қиындатылған немесе нақтылай мүмкін емес. Қосалқы құралдарды, мәселен, жүкшығырды немесе тартқышты қолданыңыз.

Жолдың, темір жол тораптарының, электр берілісі желілерінің және тағы басқалардың бойында **ағашты құлатқан кезде** аса абайлап жұмыс істеуіңіз қажет. Қажет болған кезде полицияға, энергиямен қамтитын кәсіпорынға немесе темір жол басқармасына хабарлаңыз.

4 Жұмыс техникасы

Аралау және ағаш құлату жөніндегі жұмыстар және сонымен байланысты жұмыстар (бұтақтарды арамен кесу, қырқу) тек қана үйретілген және нұсқау алған қызметкерлер құрамы тарапынан орындала алады. Бензин арасымен жұмыс істеу тәжірибесі болмағанда немесе оның технологиясын, жұмыс барысын білмеген жағдайда жұмыстарды орындауға болмайды, себебі жазатайым оқиғаның туындау қаупі төне алады!

Ағашты құлатқан кезде аталған жұмыстарды орындау жөніндегі тиісті елдің нұсқауларын міндетті түрде сақтау қажет.

4.1 Аралар


Газдың іске қосулы күйінде жұмыс атқармаңыз. Газ иінтірегінің мұндай күйінде

қозғалтқышының айналым жиілігі реттеле алмайды.

Байсалды түрде және ойлап жұмыс істеңіз, бірақ жарық жақсылап түсіп тұруы керек және көрініс айқын болуы қажет. Сақтықпен жұмыс істеңіз – басқа адамдарға қауіп төндірмеңіз.

Құрал-сайманды бірінші рет пайдаланып жатқандарға, аралап кесуге арналған сандалда дөңгелек ағаш материалын кескен жөн – „Жұқа сүректі аралап кесу” бөлімін қараңыз.

Мүмкіндігінше, қысқа бағыттауыш шинаны қолданыңыз: Ара шынжыры, бағыттауыш шина және шынжыр жұлдызшасы бір-біріне, сонымен қатар мотоараға сәйкес келуге тиіс.



Сонымен бірге, **ара шынжырының ұлғайтылған бұрылыс аймағында қандай да бір дәне мүшелері** болмағанын байқап тұрыңыз.

Бензин арасын сүректен шығарған кезде, тек қана ара шынжыры айналып жатқанда шығарыңыз.

Бензин арасын тек қана аралап кесуге қолданыңыз – бензин арасын, аралап кесілген бұтақтарды немесе тамырға таралған жерін кетіру үшін күрек ретінде қолданбаңыз.


Салбыраған бұтақтарды бірден аралап кеспеңіз.

Бұталарды және жас ағаштарды кескен кезде абай болыңыз. Ағаштың жұқа діңгегі ара шынжырының қысымымен басқа жаққа шегініп, пайдаланушыға қармап қалуы мүмкін.

Жарылған сүректі кескенде абай болыңыз – **ағаш кесектері жарақаттауы мүмкін!**

Араның қандай да бір бөгде заттармен жанаспағанын қадағалаңыз. тастар, шегелер және тағы басқа заттар лақтырылып, ара шынжырын бұзуы мүмкін. Мотор арасы қатты дірілдейді – **Апат қаупі бар!**

Егер қозғалыстағы ара шынжырына тас немесе бөгде заттар түссе, ұшқын пайда болуы мүмкін. Жақын арада тез жанғыш заттар болған жағдайда от қаупін төндіруі мүмкін. Қураған өсімдіктер мен қалың бұталықтар, әсіресе ыстық, құрғақ күні жеңіл тұтанады. Өрттің туындау қаупі бар болса, жеңіл тұтанатын материалдардың, қураған өсімдіктердің және ұсақ қопалардың жанында мотоарамен жұмыс атқармаңыз. Орман шаруашылығының құзыретті органдарынан өрттің туындау қаупінің бар-жоғын міндетті түрде сұрап анықтаңыз.



Еңісте жұмыс істеген кезде әрқашан жоғары жерде немесе ағаштың діңгегінің бүйірінде немесе жерде жатқан ағаштың бүйірінде тұрыңыз. Домалайтын діңгектерге назар аударыңыз.

Биіктікте жұмыс істеу кезінде:
- әрқашан көтергіш жұмыс табанын пайдаланыңыз
- ешқашан баспалдақта немесе ағашта тұрып жұмыс атқармаңыз
- ешқашан тұрақсыз жерде тұрып жұмыс атқармаңыз
- ешқашан иық деңгейінен жоғары жерде жұмыс атқармаңыз
- ешқашан бір қолмен ғана жұмыс істемеңіз

Бензин арасының газын толықтай қосып қимаға салыңыз және тісті тіректі бекітіп орнатыңыз – тек қана осыдан кейін аралап кесіңіз.

Ешқашан да тісті тірексіз жұмыс істемеңіз, ара пайдаланушыны артқа қарай тартып алып кете алады. Әрқашан да тісті тіректі сенімді түрде орнатыңыз.


Қиманың соңында мотоара, қимадағы кескіш гарнитураға енді таянбайды. Оператор мотор арасының салмағын өзіне қабылдауы тиіс – **құрылғыны бақылауда ұстай алмай қалу қаупі бар!**


Жұқа көлемді сүректі аралап кесу:
– тұрақты орнықты қысқыш құрал-жабдықтарды қолданыңыз – аралап кесуге арналған сандалдар
– ағашты аяқпен басып ұстамаңыз
– ағашты ұстау немесе басқа адамдар тарапынан көрсетілетін қандай да бір көмек рұқсат етілмейді

Бұтақтарды кесу:
– аздаған берілісі бар ара шынжырларын қолданыңыз
– мүмкіндігінше, бензин арасын тіреп қойыңыз
– діңгекте тұрып бұтақтарды аралап кесіңіз
– шинаның басымен аралап кеспеңіз
– кернеу үстіндегі бұтақтарға назар аударыңыз
– бірнеше бұтақтарды бірге кеспеңіз

Құлаған немесе көрнеу астында тұрған ағаштар:

Қималардың дұрыс бірізділігін сақтаңыз (ең алдымен қысылатын жақ (1), кейін сығылатын жақ (2)), әйтпесе кескіш гарнитура сыналана алады немесе артқа қарай ыршып түсе алады – **жарақат алу қаупі төне алады!**






- Сығылу күштерінің (1) әсері тарапынан бәсеңдететін қиманы жасаңыз
- Керілу күштерінің (2) әсері тарапынан аралау орнын жасаңыз

Аралау орнын төменнен бастап жоғары қарай жасаңыз (кері қима) – **Кері соққының берілу қаупі бар!**

Нұсқау

Құлатылған ағаштар аралап кесу орнындағы жермен жанаспауы қажет, әйтпесе ара шынжыры бүліне алады.

Бойлай аралап кесу:




Тісті тірексіз аралап кесу техникасы – тартып әкету қаупі төне алады – бағыттауыш шинаны барынша жалпақ бұрыштың астына орнатыңыз – аса абайлап жұмыс істеңіз – кері соққының берілу **Кері беріліс қаупі бар!**

4.2 Ағашты құлатуға дайындалу

Ағаш құлатылатын аумақта, ағаш құлатуға тартылған адамдар ғана болуы тиіс.

Ағаш құлап жатқан кезде кімде-кімге қауіп төніп тұрмағандығын бақылау керек, себебі қозғалтқыштың шуылымен адамдардың айғайлары естілмей қалады.




Келесі жұмыс орнына дейінгі қашықтық кемінде ағаштың ұзындығының 2 1/2 бөлігін құрайды.

Құлау бағытын және аулақ кету жолын анықтау

Ағаш құлап кете алатын ағаштардың арасындағы саңылауды таңдау керек.

Бұл ретте келесі жайттарға назар аударғаныңыз жөн:
– Ағаштың табиғи еңісі,
– Тым қатты бұтақтану, ассиметриялы өсу, сүректің бұзылуы,
– Желдің бағыты мен жылдамдығы - жел қатты болса ағаштарды құлатуға болмайды,
– Ағаш еңісінің бағыты,
– Көршілес ағаштар,
– Қар жүктемесі,
– Ағаштың санитарлық күйі - діңгектің бұзылуына немесе құрап қалған ағаштарға (құраған, шіріген немесе өспейтін сүрек) айрықша назар аударыңыз




A Ағаш құлату бағыты

B Аулақ кету жолы (эвакуация жолы)

– Әрбір жұмысшыға ағаштың құлау бағытына қарсы 45° шамасындағы бұрыш астында аулақ кету жолын анықтау керек.
– Аулақ кету жолын тазалап, кедергілерді кетіру керек.
– Құрал-саймандар мен агрегаттарды қауіпсіз қашықтыққа қоя тұрыңыз, бірақ эвакуация жолдарына қоймаңыз.
– Ағашты құлатқан кезде, құлап жатқан ағаштың бүйір жағында ғана тұру керек және тек қана эвакуация жолымен бүйір жақтан кері оралу қажет.
– Эвакуация жолының құлама еңісінде еңіске параллель түрде салу керек
– Қайтар жолда құлап жатқан бұтақтарға назар аударыңыз және ағаштардың ұшар басының таралуын бақылаңыз

Ағаш дөңгегінің жанындағы жұмыс аумағын дайындау


– Ағаш діңгегінің жанындағы жұмыс аумағын кедергі келтіретін бұтақтардан, бұталардан және басқа да кедергілерден тазарту керек - әрбір қатысушы орнықты жұмыс күйінде тұруы тиіс
– Діңгектің тамырға тағылған жерін жақсылап тазарту керек (мысалы балтаның көмегімен) - құм, тастар және басқа да бөгде заттар ара шынжырын бітеп тастайды.



– Тамыр жанындағы көптеп қаптап кеткен жерлерді аралап кесу қажет: ең біріншіден тамыр жанындағы көптеп қаптап кеткен жерлерді аралап кесу керек, алдымен тік күйде, кейін көлденең күйде кесіңіз, бұл ретте тек қана сау ағашты кесуге болады

4.3 Аралау орны


Аралау орнын дайындау



Аралау орны (C) ағаштың құлау бағытын анықтайды.

Маңызды:
– Ағаштың құлайтын бағытында тік бұрышпен аралау орнын жасау қажет
– Мүмкіндігінше жерге жақынырақ аралау керек
– Діңгектің диаметрінен шамамен 1/5 және 1/3 аралығында ойып орнату қажет

Желдеткіштің тысындағы және корпусындағы білікшелі жұқа тақтайдың көмегімен ағаштың құлау бағытын анықтау керекЖелдеткіштің тысындағы және корпусындағы білікшелі жұқа тақтайдың көмегімен ағаштың құлау бағытын анықтау керек



Аталған мотоарасы желдеткіштің тысындағы және корпусындағы білікшелі жұқа тақтаймен қарастырылған. Аталған білікшелі жұқа тақтайды қолдану керек.


Аралау орнын қалай жасау қажет

Аралауды орнатқан кезде, ағаштың құлау бағытындағы оң жақ бұрышта аралау орны болатындай етіп мотоарасын тегістеп алу керек.

Кескіштің көмегімен (көлденең кесу) аралаған уақытта және ағаштың жоғары бөлігін қисық күйде (қисық кесу) аралаған кезде, іс-әрекеттердің әртүрлі жүйелігіне жол беріледі - ағаш құлату техникасына қатысты жекелеген елге арналған айрықша нұсқауларды сақтау қажет.


- ► Кескішті (көлденең кесу) орнатыңыз
- ► Ағаштың жоғары бөлігін қисын күйде аралау (қисық кесу) құралын кесу бағытына 45°- 60° шамасында орнатыңыз

Ағаштың құлау бағытын тексеру



- ► Бағыттауыш шинасы бар мотоарасын аралау орнының негізіне орнатыңыз. Аралау орнын тиісінше бұтау арқылы ағаштың құлау бағытын түзетіп алу қажет болса білікшелі жұқа тақтайша ағаштың құлау жағына бағытталуы тиіс

4.4 Жұқа сүрек қабатын кесу




Ұзын талшықты сүректің жұқа сүрек қабатын кескен жағдайда, діңгек құлаған кезде жұқа сүрек қабаты жыртылудан сақталатын болады - діңгектің диаметрінен 1/10 шамасындағы тереңдікке аралау орнының негізі деңгейінде діңгектің екі жағынан аралау керек - діңгектер жуан болған жағдайда бағыттаушы шинаның еніне қарай барынша аралау керек.

Сүректің күйі сау болмаса, онда жұқа сүрек қабатын кеспеген жөн.

4.5 Арамен кесіп түсіруге дайындалу

Діңгектің өлшемдері



Аралау орны (C) ағаштың құлау бағытын анықтайды.

Шала аралау орны (D) ағаштың топса түрінде құлау бағытын анықтайды.


– Шала аралау орнының ені: діңгектің диаметрінен 1/10 шамасында
– Негізгі аралау шарасын атқарып жатқан кезде ешқашан да араламаңыз - себебі керісінше жағдайда ағаштың қарастырылған құлау бағытынан ауытқу орын алады – **жазатайым оқиғаның қаупі төнеді!**

– Шіріген діңгектерді аса кең көлемде аралау керек

Негізгі аралау орнының (E) **көмегімен** ағаш құлайды.
– Тек қана көлденең бағытта
– шала аралау орнының (C) негіздемесінің үстінен енінен 1/10 (ең азы 3 см)


Ұстап тұратын **қайыс** (F) немесе **қорғаныш қайысы** (G) ағашты тіреп тұрады және оны мерзімінен бұрын құлап кетуден қорғайды.
– Қайыстың ені: діңгектің диаметрінен 1/10 – 1/5 шамасында
– Негізгі аралау шарасын атқарған кезде, ешбір жағдайда қайысты араламаңыз
– Шіріген діңгектерге аса кең пішінді қайыс орнатыңыз

Ойып кесу
– Көлденең аралап кескен кезде түсетін жүктемені азайту мақсатымен жасалады
– Ағаш бойынша ойып кеске кезде



► ақырын берілетін ара шынжырын қолданыңыз және барынша абай жұмыс істеңіз

1. Бағыттаушы шинаның бастиегін жоғары жаққа емес, төмен жаққа орнату керек, себебі **кері беріліс қаупі төне алады!** Шина екі еселі ең бойынша діңгекке кірмейінше, толық газ беріп кесу қажет
2. шинаны ақырындап ойып кесу жайғасымына бұрыңыз – **беріліс немесе кері соққы қаупі төне алады!**
3. Сақтықпен ойып кесу керек – **кері беріліс қаупі төне алады!**



Мүмкіндігінше, ойып кесетін жұқа тақтайшаны қолданыңыз. Ойып кесетін жұқа тақтайша және бағыттаушы шинаның төменгі жағы бір-біріне параллель болып келеді.

Ойып кескен кезде, ойып кесетін жұқа тақтайша шала аралау орнын параллель күйде, яғни барлық жердегі тең қалыңдықпен әзірлеуге көмектеседі. Бұл мақсатта, ойып кесетін жұқа тақтайшаны аралау орнының сүрек талшықтары жыртылатын жерге параллель күйде енгізу керек.

Ағаштың құлауына арналған сыналар

Ағаштың құлауына арналған сына барынша ертерек, яғни кесу үшін кедергі туындамайынша қолданылуы тиіс. Сынаны қимаға салыңыз және тиісті аспаптың көмегімен ішкері қағыңыз.

Алюминийден немесе пластиктен жасалған сыналарды ғана қолданыңыз - болаттан жасалған сыналарды қолданбаңыз. Болаттан жасалған сыналар ара шынжырын қатты бүлдіре алады және қауіпті берілістің себебі бола алады.

Діңгектің диаметріне және қиманың еніне (негізгі аралау орны (E)) байланысты ағаштың құлауына арналған тиісті сыналарды таңдаңыз.


Ағаштың құлауына арналған (ұзындығы, ені және биіктігі сәйкесінше болатын) сынаны таңдау үшін STIHL дилерлеріне жүгініңіз.

4.6 Сай келетін негізгі аралау орнын таңдаңыз

Негізгі аралау орнын таңдау шарасы, ағаштың құлау бағытын және эвакуация жолдарын анықтаған кезде ескерілуі тиісті белгілерге байланысты болады.

Аталған белгілердің көріністері әртүрлі. Осы қолдану жөніндегі нұсқаулықта, аса жиі

кездесетін белгілердің екі нышаны ғана сипатталады:




сол жақтан:	Әдеттегі ағаш - ұшар басы біркелкі өсіп тұрған, тік күйде тұрған ағаш
оң жақтан:	Ағаштың құлау бағытында орналасқан ауырлық орталығы бар салбыраған ағаш

4.7 Қорғаныш қайысы арқылы негізгі аралау орнын жасау (қалыпты ағаш)


A) Жұқа діңгек

Егер де діңгектің диаметрі мотоарасының ұзындығынан кем болса, осындай негізгі аралау орнын жасаңыз.



Ағашты құлату мақсатында оның тамырға таралған жерін аралап, кесер алдында "Назар аударыңдар!" деп ескертіп айғайлаңыз.

- Негізгі аралау орнын (E) жасаңыз - бұл ретте бағыттаушы шина толықтай ойып кесіледі
- Шала аралау орнының артына тісті тірек орнатыңыз және бұрылыс нүктесі ретінде қолданыңыз - мотоарасын барынша аз тартыңыз
- Негізгі аралау орнын шала аралау орнына дейін әзірлеңіз (1)
  – Бұл ретте шала аралау орнын кеспеңіз
- Негізгі аралау орнын қорғаныш қайысына дейін қалыптастырыңыз (2)
  – Бұл ретте қорғаныш қайысын кеспеңіз




- Ағаштың құлауына арналған сынаны орнатыңыз (3)

Ағаш құлайын деп жатқан кезде "Назар аударыңдар!" деп қайтадан ескертіп айғайлаңыз.

- Алға созылған қолдың көмегімен, сырт жақтағы қорғаныш қайысын негізгі аралау орнының жазықтығына көлденең күйде ажыратыңыз

B) Жуан діңгек

Егер де діңгектің диаметрі мотоарасының ұзындығынан үлкен болса, осындай негізгі аралау орнын жасаңыз.




Ағашты құлату мақсатында оның тамырға таралған жерін аралап, кесер алдында "Назар аударыңдар!" деп ескертіп айғайлаңыз.

- Негізгі аралау орнынан биік жерге тісті тірек орнатыңыз және бұрылыс нүктесі ретінде қолданыңыз - мотоарасын барынша аз тартыңыз
- Шала аралау орнының алдындағы бағыттаушы шинаның басы ағашқа кіреді (1) - мотоарасын әбден көлденең күйде жүргізіңіз және барынша алысырақ ұстаңыз
- Негізгі аралау орнын шала аралау орнына дейін әзірлеңіз (2)
  – Бұл ретте шала аралау орнын кеспеңіз
- Негізгі аралау орнын қорғаныш қайысына дейін қалыптастырыңыз (3)
  – Бұл ретте қорғаныш қайысын кеспеңіз

Негізгі аралау барысы діңгектің қарама-қарсы жағынан жалғасады.

Екінші рет кескен кезде, бірінші рет кескендей бір деңгейде өтуін бақылаңыз.

- ► Негізгі аралау орнын жасаңыз
- ► Негізгі аралау орнын шала аралау орнына дейін әзірлеңіз (4)
  - – Бұл ретте шала аралау орнын кеспеңіз
- ► Негізгі аралау орнын қорғаныш қайысына дейін қалыптастырыңыз (5)
  - – Бұл ретте қорғаныш қайысын кеспеңіз



- ► Ағаштың құлауына арналған сынаны орнатыңыз (6)


Ағаш құлайын деп жатқан кезде "Назар аударыңдар!" деп қайтадан ескертіп айғайлаңыз.

- ► Алға созылған қолдың көмегімен, сырт жақтағы қорғаныш қайысын негізгі аралау орнының жазықтығына көлденең күйде ажыратыңыз


4.8 Ұстап тұратын қайыс арқылы діңгекті негізгі аралау (ұшар басы салбыраған ағаш)

A) Жұқа діңгек

Егер де діңгектің диаметрі мотоарасының ұзындығынан кем болса, осындай негізгі аралау орнын жасаңыз.




- ► Екінші жағынан шыққанша бағыттауыш шинамен ойып кесіңіз
- ► Негізгі аралау орнын (E) шала аралау орнына дейін әзірлеңіз (1)
  - – Тек қана көлденең бағытта
  - – Бұл ретте шала аралау орнын кеспеңіз
- ► Ұстап тұратын қайысқа дейін (2) негізгі аралау орнын жасаңыз
  - – Тек қана көлденең бағытта
  - – Бұл ретте ұстап тұратын қайысты кеспеңіз



Ағаш құлайын деп жатқан кезде "Назар аударыңдар!" деп қайтадан ескертіп айғайлаңыз.

- ► Сырт жақта, еңістің үстінде тұрған қорғаныш қайысын алға созылған қолмен ажыратыңыз

B) Жуан діңгек




Егер де діңгектің диаметрі мотоарасының ұзындығынан үлкен болса, осындай негізгі аралау орнын жасаңыз.

- ► Ұстап тұратын қайыстың артына тісті тірек орнатыңыз және бұрылыс нүктесі ретінде қолданыңыз - мотоарасын барынша аз тартыңыз
- ► Шала аралау орнының алдындағы бағыттауыш шинаның басы ағашқа кіреді (1) - мотоарасын әбден көлденең күйде жүргізіңіз және барынша алысырақ ұстаңыз
  - – Бұл ретте ұстап тұратын қайысты және шала аралау орнын кеспеңіз
- ► Негізгі аралау орнын шала аралау орнына дейін әзірлеңіз (2)

– Бұл ретте шала аралау орнын кеспеңіз
► Негізгі аралау орнын ұстап тұратын қайысына дейін қалыптастырыңыз (3)
– Бұл ретте ұстап тұратын қайысты кеспеңіз

Негізгі аралау барысы діңгектің қарама-қарсы жағынан жалғасады.

Екінші рет кескен кезде, бірінші рет кескендей бір деңгейде өтуін бақылаңыз.
► Шала аралау орнының артына тісті тірек орнатыңыз және бұрылыс нүктесі ретінде қолданыңыз - мотоарасын барынша аз тартыңыз
► Ұстап тұратын қайыстың алдындағы бағыттауышы шинаның басы ағашқа кіреді (4) - мотоарасын әбден көлденең күйде жүргізіңіз және барынша алысырақ ұстаңыз
► Негізгі аралау орнын шала аралау орнына дейін әзірлеңіз (5)
– Бұл ретте шала аралау орнын кеспеңіз
► Негізгі аралау орнын ұстап тұратын қайысына дейін қалыптастырыңыз (6)
– Бұл ретте ұстап тұратын қайысты кеспеңіз




Ағаш құлайын деп жатқан кезде "Назар аударыңдар!" деп қайтадан ескертіп айғайлаңыз.
► Сырт жақта, еңістің үстінде тұрған қорғаныш қайысын алға созылған қолмен ажыратыңыз

5 Кескіш гарнитура

Ара шынжыры, бағыттауыш шина және шынжыр жұлдызшасы кескіш гарнитураның негізін құрайды.


Жеткізілім көлеміне кіретін кескіш гарнитура бензин арасына оңтайлы түрде бейімделген.



– Rollomatic бағыттауыш шинасының шынжыр жұлдызшасының және жетекші жұлдызшаның ара шынжырының (1) қадамы (t) бір-біріне сай келуге тиіс
– Ара шынжырының (1) жетек үзбесінің (2) қалыңдығы бағыттауыш шина (3) қуысының еніне сәйкес келуі керек

Бір-біріне сай келмейтін құрауыштар түйіскен кезде, қысқа мерзімді қолданыстан кейін кескіш гарнитура еш жөнделместен бүлініп қала алады.

5.1 Шынжыр қорғанысы



Жеткізілім көлеміне кескіш гарнитурасына сай келетін шынжыр қорғанышы кіреді.


Егер де бензин арасында әртүрлі ұзындықтағы бағыттауыш шиналар қолданылса, онда бүкіл бағыттауыш шинаны жабатын сәйкесінше тісті тіректі әрдайым қолданыңыз.

Шынжың қорғанышының бүйір жағында тиісті бағыттауыш шиналардың ұзындығына қатысты деректер келтірілген.


6 Араның бағыттаушы шинасы мен шынжырын

монтаждау (шынжырдың беткі керілуі)

6.1 Шынжыр жұлдызшасының қақпағын демонтаждаңыз




- Шынжырлы жұлдызшаның қақпағының сомынын бұрап алып, қақпағын алып тастаңыз




- Қысып тартылатын сомын (2) корпустың ойықшасына сол жақтан тірелмейінше бұрандаманы (1) сол жаққа бұрыңыз

6.2 Ара шынжырының тежегішін босатыңыз



- Сол қолдың алдындағы қорғаныш қалқаншасын шерт еткен дыбыс естілгенше түтікшелі тұтқышқа қарай тартыңыз - ара шынжырының тежегіші босатылады


6.3 Ара шынжырын орнатыңыз



Сақтандыру

Өткір кескіш тістерден жарақат алмау үшін қорғаныш қолғабын киіңіз.

- Ара шынжырын шинаның басынан бастап орнатыңыз




- Бағыттауыш шинаны бұрандамаларға (1) қойыңыз - ара шынжырының кескіш қырлары оңға қарай бағытталуы тиіс
- Бекітетін саңылауды (2) жапырылатын ысырманың шетмойынына қойып, ара шынжырын ара жұлдызшасына (3) бір мезгілде қойыңыз
- Ара шынжыры төменде аздап салбырап тұратын және жетекші үзбелердің шығыңқы бөліктері шина ойығының қуысында орналасатын сәтке дейін бұранданы (4) оңға қарай бұрыңыз
- Шынжыр жұлдызшасының қақпағын қайтадан орнатыңыз және сомындарды сәл ғана қолмен бұрап қойыңыз
- Одан әрі: "Ара шынжырының керілуі" бөлімін қараңыз

7 Араның бағыттаушы шинасы мен шынжырын


монтаждау (шынжырдың жылдам керілуі)

7.1 Шынжыр жұлдызшасының қақпағын демонтаждаңыз




- Тұтқышты ашыңыз (1) (бекітілмегенше)
- Көбелек пішінді сомын (2) шынжыр жұлдызшасының қақпағында (3) бос салбырап тұрмағанша, оны сол жаққа бұрыңыз
- Шынжыр жұлдызшасының қақпағын (3) алып тастаңыз


7.2 Керілмелі тегершікті демонтаждаңыз




- Керілмелі тегершікті (1) алып тастаңыз және аударыңыз



- Бұранданы (2) бұрап алыңыз




- Керілмелі тегершік (1) пен бағыттауыш шинаны (3) бір-біріне қарама-қарсы орналастырыңыз




- Бұранданы (2) орнатыңыз және қатайтып бұраңыз

7.3 Ара шынжырының тежегішін босатыңыз



- Сол қолдың алдындағы қорғаныш қалқаншасын шерт еткен дыбыс естілгенше түтікшелі тұтқышқа қарай тартыңыз - ара шынжырының тежегіші босатылады


7.4 Ара шынжырын орнатыңыз




Сақтандыру

Өткір кескіш тістерден жарақат алмау үшін қорғаныш қолғабын киіңіз.


- ► Ара шынжырын орналастырыңыз, шинаның басынан бастаңыз, қысқыш дисктің және кескіш жиектердің күйін бақылаңыз
- ► Керілмелі тегершікті (1) оңға қарай тірелгенше бұраңыз
- ► Бағыттауыш шинаны бұрғанда, керілмелі тегершік пайдаланушыға қарай көрсетіп тұратындай етіп бұрыңыз



- ► Ара шынжырын шынжыр жұлдызшасына (2) қойыңыз
- ► Бағыттауыш шинаны белдемелі бұранданың (3) үстінен өткізіңіз, артыңғы белдемелі бұранданың бастиегі ұзартылған ойықшаға дәл тиюге тиіс



- ► Жетекші үзбені шинаның қуысына (сілтеуішті қараңыз) салыңыз, ал керілмелі тегершікті сол жаққа тірелгенше бұрыңыз
- ► Шынжырдың жұлдызшасының қақпағын орнатыңыз, бағыттауыш шығыңқы бөліктерді мотор корпусының саңылауларына енгізіңіз




Шынжыр жұлдызшасының қақпағын қондырған кезде, керіп кигізілетін доңғалақтың және керілмелі тегершіктің тістері қажет болғанда бір-бірімен ілінісуі керек.


- ► шынжыр жұлдызшасының қақпағы толықтай мотор корпусына жылжымағанша, керіп кигізілетін доңғалақты (4) аздап бұрыңыз
- ► Тұтқышты ашыңыз (5) (бекітілмегенше)
- ► Көбелек пішінді сомынды қондырыңыз және сәл бұраңыз
- ► Одан әрі: "Ара шынжырының керілуі" бөлімін қараңыз

8 Араның бағыттаушы шинасы мен шынжырын монтаждау (шынжырдың бүйірлік керілуі)

8.1 Шынжырлы жұлдызшаның қақпағына демонтаж жасау




- Шынжырлы жұлдызшаның қақпағының сомындарын бұрап алып, қақпағын алып тастаңыз




- Жапырылатын ысырма (2) корпустың ойықшасына сол жақтан тірелмейінше бұрандаманы (1) сол жаққа бұрыңыз

8.2 Ара шынжырының тежегішін босатыңыз



- Сол қолдың алдындағы қолды қорғау құралын шертілген дыбыс естілгенше түтікті сапқа қарай тартыңыз - ара шынжырының тежегіші босатылады


8.3 Ара шынжырын орнатыңыз



Сақтандыру


Өткір кескіш тістерден жарақат алмау үшін қорғаныш қолғабын киіңіз.

- Ара шынжырын шинаның басынан бастап орнатыңыз



- Бағыттауыш шинаны бұрандамаларға (1) қойыңыз - ара шынжырының кескіш қырлары оңға қарай бағытталуы тиіс
- Бекітетін саңылауды (2) жапырылатын ысырманың шетмойынына қойып, ара шынжырын ара жұлдызшасына (3) бір мезгілде қойыңыз
- Ара шынжыры төменде аздап салбырап тұратын және жетекші үзбелердің шығыңқы бөліктері ойығының қуысында орналасатын сәтке дейін бұранданы (4) оңға қарай бұрыңыз
- Шынжыр жұлдызшасының қақпағын қайтадан орнатыңыз және сомындарды сәл ғана қолмен бұрап қойыңыз
- Одан әрі: "Ара шынжырының керілуі" бөлімін қараңыз


9 Ара шынжырының керілуі (араның беткі керілуі)



Жұмыс кезінде ара шынжырының қосымша тартылуы үшін:
- Моторды тоқтатыңыз
- Сомындарын бұрап алыңыз.
- Бағыттауыш шинаны жоғарыға қарай көтеріңкілеп қойыңыз
- ара шынжыры бағыттауыш шинаның төменгі жағына жанаспайынша, бұрандаманы (1) бұрауыштың көмегімен оңға қарай бұраңыз.
- Бағыттауыш шинаны одан сайын жоғары көтеріңкіреңіз және сомындарын тірелгенше бұрап қойыңыз.
- Одан әрі: "Ара шынжырының керілісін бақылау" бөлімін қараңыз.

Жаңа ара шынжыры, ұзақ уақыт бойы қолданылып жатқан шынжырдан да анағұрлым жиі тартылуы тиіс!
- Ара шынжырының керілісін жиі бақылап тұрыңыз, - "Қолдану жөніндегі нұсқаулар" бөлімін қараңыз.


10 Ара шынжырының керілуі (араның жылдам керілуі)



Жұмыс кезінде ара шынжырының қосымша тартылуы үшін:
- Моторды тоқтатыңыз
- Көбелек пішінді сомынның тұтқасын жоғары қарай көтеріңіз де, көбелек пішінді сомынды босатыңқыраңыз
- Керіп кигізілетін доңғалақты (1) оңға қарай тірелгенше бұраңыз
- Көбелек пішінді сомынды (2) қолмен тығыздап тартыңыз
- Көбелек пішінді сомынның тұтқасын жіберіңіз
- Одан әрі: "Ара шынжырының керілісін бақылау" бөлімін қараңыз.

Жаңа ара шынжыры, ұзақ уақыт бойы қолданылып жатқан шынжырдан да анағұрлым жиі тартылуы тиіс!
- Ара шынжырының керілісін жиі бақылап тұрыңыз, - "Қолдану жөніндегі нұсқаулар" бөлімін қараңыз.


11 Ара шынжырының керілуі (араның бүйірлі керілуі)



Жұмыс кезінде ара шынжырының қосымша тартылуы үшін:
- Моторды тоқтатыңыз
- Сомындарын бұрап алыңыз.
- Бағыттауыш шинаны жоғарыға қарай көтеріңкілеп қойыңыз
- ара шынжыры бағыттауыш шинаның төменгі жағына жанаспайынша, бұрандаманы (1) бұрауыштың көмегімен оңға қарай бұраңыз.
- Бағыттауыш шинаны одан сайын жоғары көтеріңкіреңіз және сомындарын тірелгенше бұрап қойыңыз.
- Одан әрі: "Ара шынжырының керілісін бақылау" бөлімін қараңыз.

Жаңа ара шынжыры, ұзақ уақыт бойы қолданылып жатқан шынжырдан да анағұрлым жиі тартылуы тиіс!
- Ара шынжырының керілісін жиі бақылап тұрыңыз, - "Қолдану жөніндегі нұсқаулар" бөлімін қараңыз.

12 Ара шынжырының керілісін бақылау



- Моторды тоқтатыңыз
- Қорғаныш қолғаптарын киіңіз.
- Ара шынжыры бағыттауыш шинаның төменгі жағына жанасып тұруы тиіс және ара шынжырының тежегіші түсірілген болса, бағыттауыш шинаның бойымен шынжырдың қолмен өткізілуін қамтамасыз етуі керек.
- Қажет болса, ара шынжырын тартыңыз.

Жаңа ара шынжыры, ұзақ уақыт бойы қолданылып жатқан шынжырдан да анағұрлым жиі тартылуы тиіс.

- Ара шынжырының керілісін жиі бақылап тұрыңыз, - "Қолдану жөніндегі нұсқаулар" бөлімін қараңыз.

13 Жанармай

Мотор бензиннен және мотор майынан жасалған жанармай қоспасында жұмыс істеуге тиіс.

Сақтандыру

Жанармаймен тікелей жанасудан және жанармай буларын ішкері жұтудан сақтаныңыз.

13.1 STIHL MotoMix

STIHL компаниясы STIHL MotoMix қоспасын қолдануға ұсыныс береді. Аталған жанармай қоспасында бензол, тетраэтилқорғасын бар, октан саны жоғары болып табылады және дұрыс қоспалар пропорциясын әрдайым қамтамасыз етеді.

STIHL қозғалтқышының барынша көп қызмет ету мерзіміне арналған STIHL MotoMix жанармай қоспасы екі ырғақты қозғалтқыштарға арналған HP Ultra мотор майымен араластырылған.

MotoMix жанармай қоспасы барлық өткізу нарықтарында тең дәрежеде ұсынылмаған.

13.2 Жанармай қоспасын дайындау

Нұсқау

Жарамсыз жанар-жағармай материалдары немесе нұсқаулықтарға сай келмейтін қоспалар пропорциясы жетекке күрделі зиян келтіре алады. Аса төмен сападағы бензин немесе мотор майы қозғалтқышты, нығыздағыш сақиналарды, құбыржолдары және жанармай бағын бұза алады.

13.2.1 Бензин

Тек қана құрамында тетраэтилқорғасын болатын немесе болмайтын ең аз октан саны 90 ROZ құрайтын **таңбалы бензинді** қолданыңыз.

Этанолдың құрам үлесі 10%-дан жоғары болатын бензин, қолдан ретке келтірілетін карбюратормен жұмыс істейтін моторлардың жұмысын іске шығара алады, сондықтан осындай моторлар үшін олар қолданылмағаны жөн.

M-Tronic жүйесі бар моторлар, этанолдың құрам үлесі 27%-ға дейін (E27) жететін бензинді қолданған кезде, соның арқасында толық қуат қамтамасыз етіледі.

13.2.2 Мотор майы

Егер жанармай өзі араласатын болса, STIHL екі ырғақты қозғалтқыштарға арналған майын ғана немесе басқа JASO FB, JASO FC, JASO FD, ISO-L-EGB, ISO-L-EGC немесе ISO-L-EGD сыныпты тиімділігі жоғары майды қолдануға болады.

STIHL компаниясы STIHL HP Ultra екі ырғақты қозғалтқыштарға арналған майын немесе қозғалтқыштың барлық қызмет ету мерзімі ішінде шығарындылардың шекті мәндерін қамтамасыз ету үшін балама тиімділігі жоғары мотор майын қолдануды ұсынады.

13.2.3 Қоспалар пропорциясы

STIHL 1:50; 1:50 екі ырғақты қозғалтқыштарына арналған мотор майында = майдың 1 бөлігі + бензиннің 50 бөлігі

13.2.4 Мысалдар

Бензиннің мөлшері	STIHL екі ырғақты қозғалтқышқа арналған май 1:50	
Литр	Литр	(мл)
1	0,02	(20)
5	0,10	(100)
10	0,20	(200)
15	0,30	(300)
20	0,40	(400)
25	0,50	(500)

- ► жанармайға жарамды болатын канистрге алдымен мотор майын, кейін бензинді құйыңыз және мұқият араластырыңыз

13.3 Жанармай қоспасын сақтау

Жанармайға рұқсат етілген сұйыққоймаларда қауіпсіз, құрғақ және салқын жерде ғана сақтаңыз, жарық пен күн сәулесінен қорғаңыз.

Жанармай қоспасы ескірсе – қоспаның босалқы қорын бірнеше аптаға ғана дайындаңыз. Жанармай қоспасын 30 күннен артық сақтамаңыз. Жарықтың, күн сәулесінің, төмен немесе жоғары температуралардың әсерінен жанармай қоспасы өзінің қолданыс сипаттамаларынан тез айырылады.

Алайда STIHL MotoMix еш қиындықсыз 5 жылға дейін сақтала алады.

- ► Канистрді жанармаймен толтырар алдында, оны мұқият шайқап алғаныңыз жөн

Сақтандыру


Канистрдегі қысым көтеріле алады, абайлап ашыңыз.

- ► Жанармай бағын және канистрді уақыт өте келе мұқият тазартып отырыңыз

Жанармайдың қалдықтарын және тазарту үшін қолданылған сұйықтықты нұсқауларға сай және қоршаған ортаға нұқсан келтірмей кәдеге жаратыңыз!

14 Жанармайды толтырып құю

14.1 Құрылғыны дайындау



- ► Бакты ластанудан қорғау үшін, жанармай бағының айналасын және ысырмасын тазартыңыз
- ► Бактың ысырмасы жоғары қарайтындай етіп құрылғыны орналастырыңыз
- ► Бактың ысырмасын ашыңыз

14.2 Жанармайды құйыңыз

Жанармайды бактың ернеуіне дейін толтырып құймаңыз және жан-жағына шашыратпаңыз


STIHL фирмасы өзінің жанармайды құю жүйесін ұсынады (қосалқы жарақтар).

Сақтандыру

Жанармайды құйғаннан кейін, қолыңызбен бактың қақпағын барынша басыңыз.

Бакты жабу үшін оймакілтегі бар құралды қолданыңыз (мәселен, кілт пен бұрауыш үйлесімі).

14.3 Жанармайға арналған сіңіргіш бастиекті ауыстыру



Жанармайға арналған сіңіргіш бастиекті жыл сайын ауыстырыңыз, бұл үшін:
- ► Жанармай багын босатыңыз
- ► Жанармайға арналған сіңіргіш бастиекті ілмектің көмегімен алып шығарыңыз және оны шлангтан ажыратып алыңыз
- ► шлангқа жаңа сіңіргіш бастиекті жалғаңыз
- ► Сіңіргіш бастиекті қайтадан баққа салыңыз

15 Шынжырларды майлауға арналған май

Ара шынжырын және бағыттауыш шинаны автоматты түрде ұзақ уақыт бойы жағу үшін - экологиялық тұрғыда зарарсыз болатын басым түрде, биологиялық тұрғыда жедел ыдырайтын STIHL BioPlus маркалы шынжырларды майлауға арналған сапалы майын қолданыңыз.

Нұсқау

Шынжырларды майлауға арналған биологиялық май тозуға қарсы жеткілікті төзімділікке ие болуы тиіс (мысалы, STIHL BioPlus). Тозуға қарсы кедергісі жеткіліксіз болатын май тез арада шайырлануға бейім келеді. Соның нәтижесінде, әсіресе ара шынжырының жетегінде және ара шынжырында қиын кетірілетін шөгінділер түзіледі, тіпті май сорғысының толықтай бұғатталуы да мүмкін.

Ара шынжырының және бағыттауыш шинаның қызмет ету мерзімі, қолданылатын майлағыш майдың сапасына байланысты болып келеді, сондықтан да тек шынжырларды майлауға арналған арнайы майды ғана қолдануыңыз қажет.

Сақтандыру


Пайдаланылып болған майды қолданбаңыз! Пайдаланылып болған май терімен ұзақ уақыт бойы әрі қайтадан жанасқан кезде тері обырын тудырады және қоршаған ортаға қауіпті болып табылады!

Нұсқау

Пайдаланылып болған май қажетті майлағыш қасиетке ие емес және шынжырларды майлауға жарамайды.

16 Шынжырларды майлауға арналған майды құю

16.1 Құрылғыны дайындау



- ► Бактың ішіне қандай да бір кір кіріп кетпес үшін бактың тиектеу құрылғысын және айналасын жақсылап тазартыңыз.
- ► Бактың тиектеу құрылғысы жоғары қарайтындай етіп құрылғыны жайғастырыңыз.
- ► Бактың тиектеу құрылғысын ашыңыз

16.2 Шынжырларды майлауға арналған майды құю

- ► Әрбір рет жанармайды толтырған кезде, шынжырларды майлауға арналған майды құйыңыз.

Шынжырларды майлауға арналған майды құйған кезде, майды бактың шетінен асырып және толтырып құймаңыз.


STIHL фирмасы STIHL фирмасының шынжырларына арналған майлағыш майды құю жүйесін ұсынады (арнайы керек-жарақтар).

- ► Бактың тиектеу құрылғысын жабыңыз

Жанармай багын толықтай босатқан кезде, май багының ішінде майлағыш майдың әлі біраз мөлшері қалуы тиіс.

Егер де май багындағы майлағыш майдың мөлшері азаятын болса, онысы майлағыш майды беретін жүйенің бүлінгенін білдіре алады: ара шынжырын майлау жүйесін бақылаңыз, май арналарын тазартыңыз, қажет болса сауда агенті-маманға жүгініңіз. STIHL фирмасы техникалық қызмет көрсету және жөндеу жұмыстарын тек қана STIHL фирмасының сауда-агенті-маманына тапсыруыңызға ұсыныс береді.

17 Шынжырдың майын тексеру



Ара шынжыры майдың аздаған мөлшерін әркез лақтырып тұруы тиіс.

Нұсқау

Ешқашан да ара шынжырын майламай жұмыс істемеңіз! Ара шынжыры құрғақ түрде жұмыс істеген кезде, оның кескіш гарнитурасы қысқа мерзімнің ішінде еш жөнделместен бұзылады. Жұмысты бастаудың алдында ара шынжырының майланғанын және бактағы майдың деңгейін әрқашан бақылап тұрыңыз.


Әрбір жаңа ара 2–3 минут аралығында жаттықтырылып жұмыс істеуі тиіс.

Жаттықтырылып болғаннан кейін, ара шынжырының керілісін бақылаңыз, қажет болса ретке келтіріңіз – „Ара шынжырының керілісін бақылау” бөлімін қараңыз.

18 Тежеуіш шынжыры




18.1 Ара шынжырын бұғаттаңыз



– апаттық жағдайда
– іске қосқанда
– бос жүрісте

Қорғаныш қалқаншасы сол қолмен шинаның басына дейін басылады немесе мотор берілісінің әсерінен автоматты түрде орын ауыстырады: ара шынжыры бұғатталады және қозғалмайды.

18.2 Ара шынжырының тежегішін босату



► Қолдың қорғаныш қалқаншасын шілтер иінтірегіне қарай тартыңыз

Нұсқау

Газға баспас бұрын (жұмысын бақылағаннан басқа) және аралаудың алдында ара шынжырының тежегішін түсіріңіз.

Ара шынжырының тежегіші бұғатталып, мотордың айналым жиілігі жоғары болған жағдайда (ара шынжыры қозғалыссыз болса), тез уақытта жетек тетігі бұзылып, ара шынжырының (ара шынжырының тежегіші, ажыратқышы) жетегінің бүлінуіне әкелуі мүмкін.

Араның беріліс күші аса жеткілікті болса, ара шынжырының тежегіші қорғаныш қалқаншасының түсіретін салмағы инерциясының ықпалымен шынжырды автоматты түрде бұғаттайды: қорғаныш қалқаншасы шинаның басына қарай алдына қарай үдетіледі – егер де сол қол қорғаныш қалқаншасының артындағы түтікшелі тұтқышта болмаса, мысалы ағаш құлатқан кезде.

Ара шынжырының тежегіші, сол қолдың алдындағы қорғаныш қалқаншасының құрылымына қандай да бір өзгерістер енгізілмегенде ғана жұмыс істейді.

18.3 Ара шынжырының тежегішінің жұмысын тексеріңіз

Әрбір жұмыс бастаудың алдында: мотор бос жүрісте жұмыс істеген кезде ара шынжырын бұғаттаңыз (қорғаныш қалқаншасын шинаның басына қысыңыз) және қысқа мерзім бойы газға барынша басыңыз (ең көбі 3 сек.) – ара шынжыры қозғалмауы тиіс. Сол қолдың алдындағы қорғаныш қалқаншасы әрдайым кірден тазартылып тұруы керек және оңай орын ауыстыруы қажет.


18.4 Ара шынжырының тежегішіне техникалық қызмет көрсету

Ара шынжырының тежегіші, үйкелістің салдарынан тозуға төзімді болып келеді (табиғи тозу). Тежегіш өзінің функциясын орындауы үшін, үйретілген қызметкерлер құрамы оған техникалық қызмет көрсетіп, техникалық күтім жасауы керек. STIHL компаниясы, техникалық қызмет көрсету және жөндеу жұмыстарын STIHL компаниясының мамандандырылған дилеріне ғана тапсыруды ұсынады. Келесі аралықтарды сақтауыңыз қажет:

Бүкіл жұмыс күні бойы қолдану:	тоқсан сайын
Жартылай кәсіби түрде қолдану:	әрбір жарты жыл сайын
Кездейсоқ жұмыстар:	жылына бір рет

19 Моторды іске қосу / тоқтату

19.1 Қиыстырылған иінтіректің күйлері



Stop 0 – мотор тоқтатылған, от алдыру жүйесі сөндірілген

Жұмыс күйі I – мотор қосулы немесе іске қосыла алады

Газды қосу күйі – қызған мотор осы күйде іске қосылады – қиыстырылған иінтірек жұмыс күйіне ауысады

Ауа қақпақшасы жабық – салқын мотор осы күйде іске қосылады

19.2 Қиыстырылған иінтіректі реттеу

Қиыстырылған иінтіректі I жұмыс күйінен ауа қақпақшасының жабық күйіне ауыстыру үшін газ иінтірегінің тежеушін және газ иінтірегін бір мезгілде басып ұстап тұрыңыз - қиыстырылған иінтіректі ретке келтіріңіз.

Газды іске қосу күйіне реттеу үшін қиыстырылған иінтіректі алдымен ауа қақпақшасының жабық күйіне орнатып, сосын қиыстырылған иінтіректі газды іске қосу күйіне басыңыз.

Газды іске қосу күйіне ауыстыру, тек қана жабық ауа жапқыштың қақпақшасының күйінен жүзеге асырыла алады.

Газ иінтіректің тежеушісіне және газ иінтірегіне бір мезгілде басқан кезде, қиыстырылған иінтірек газды іске қосу күйінен I жұмыс күйіне ауысады.

Моторды сөндіру үшін қиыстырылған иінтіректі Stop 0 күйіне орнатыңыз.

19.2.1 Ауа қақпақшасының жабық күйі

– Мотор салқын болған жағдайда
– Газды қосқанда мотор тоқтатылған жағдайда
– Бак толығымен босаған (мотор тоқтаса) жағдайда


19.2.2 Газды іске қосу күйі

– Мотор жылы кезде (мотор бір минут шамасында жұмыс атқарғанда)
– Алғашқы от алдырғаннан кейін
– Жандыру камерасын желдеткеннен кейін, мотор оталмайтын болса

19.3 Мотор арасын ұстау


Мотор арасын іске қосқан кезде ұстаудың екі тәсілі бар.

19.3.1 Жер беткейіне



- Моторлы араны жерге қойыңыз және оны сенімді орнықты қалыпқа орнатыңыз. – Орнықты күйге қойыңыз. – Ара шынжыры жерге мен немесе қандай өзге да бір заттармен жанаспауы тиіс.
- Моторлы араны шілтер иінтірегінен сол қолмен қатты басыңыз - бас бармақты шілтер тұтқасының астына қойыңыз
- Оң аяқты артқы тұтқаға қойыңыз


19.3.2 Тізелер немесе сандар арасына



- ► Тізелеріңіздің немесе сандарыңыздың арасына оң жақ тұтқаны қысып орнатыңыз
- ► Шілтер иінтірегін сол қолмен қатты ұстап тұрыңыз - бас бармақты түтікшелі тұтқа астына қойыңыз

19.4 Іске қосу

19.4.1 Стандартты түрленімдер



- ► Іске қосу тұтқасын оң қолмен баяулап, тірелгенше тартыңыз, кейін күрт қозғалыспен тартыңыз, бұл жерде шілтер иінтірегін төменге қарай жіберуіңіз тиіс – арқанды соңына дейін шығармаңыз – **үзілу қаупі бар** ! Іске қосу тұтқасының бастапқы күйге тез оралуына мүмкіндік бермеңіз - іске қосу механизмінің арқаны дұрыс оралуы үшін, тұтқаны тік күйге орнатыңыз

Мотор жаңа немесе ұзақ уақыт қолданыссыз болған жағдайда, жанармайдың жеткілікті мөлшері берілмейінше, іске қосу арқанын бірнеше рет тарту қажет.

19.4.2 ErgoStart бар түрленімдер

ErgoStart, мотор арасын іске қосуға арналған қуатты үнемдейді. Сондықтан, моторды іске қосу мен жұмысты бастау арасында бірнеше секунд өтуі қажет.

- ► Іске қосу тұтқасын оң қолмен баяулап, тірелгенше тартыңыз, кейін күрт қозғалыспен тартыңыз, бұл жерде шілтер иінтірегін төменге қарай жіберуіңіз тиіс – арқанды соңына дейін шығармаңыз – **үзілу қаупі бар** !
- ► Іске қосу тұтқасының бастапқы күйге тез оралуына мүмкіндік бермеңіз - іске қосу механизмінің арқаны дұрыс оралуы үшін, тұтқаны тік күйге орнатыңыз


19.5 Мотор арасын іске қосу

Сақтандыру

Араның жұмыс аясында бөгде адамдар болмауы тиіс.

- Қауіпсіздік техникасының ережелерін сақтаңыз

19.5.1 Барлық түрленімдерде



- Қол қорғанышын (1) алға қарай басыңыз – ара шынжыры бұғаттаулы
- Газ иінтірегінің тежеуішін (2) және газ иінтірегін бірге басып, ұстап тұру қажет – қиыстырылған иінтіректі (4) реттеңіз


Ауа қақпақшасының жабық күйі

– Мотор қыздырылмаған жағдайда (сонымен қатар, іске қосылғаннан кейін газды басқан кезде мотор тоқтаған жағдайда)

Газды іске қосу күйі


– Мотор қызған жағдайда (мотор бір минут шамасында жұмыс атқарғанда)
- Мотор арасын ұстап тұрып, оны іске қосыңыз

19.6 Бірінші рет от алдырғаннан кейін



- Қиыстырылған иінтіректі (3) Газды іске қосу күйіне ауыстырыңыз және қозғалтқышты іске қосыңыз


19.7 Мотордың жұмысы барысында



- Газ иінтірегінің тежеуішін басып, газ иінтірегін лезде жіберіңіз , қиыстырылған иінтірек (4) **I** жұмыс күйіне ауысады да, мотор шолақ айналып жұмыс атқарады

Нұсқау

Мотор шолақ айналымға **дереу** ауыстырылуы қажет, кері жағдайда ара шынжырының тежегіші бұғатталып тежелген кезде, мотор корпусы немесе ара шынжырының тежегіші бүлінуі мүмкін.



- Қолдың қорғаныш қалқаншасын шілтер иінтірегіне қарай тартыңыз

Ара шынжырының тежегіші бұғатталды – мотор арасы жұмысқа дайын

Нұсқау

Ара шынжырының тежегішін түсірген жағдайда ғана газ жіберіледі. Ара шынжырының тежегіші бұғатталып, мотордың айналым жиілігі жоғары болған жағдайда (ара шынжыры қозғалыссыз болса),бұл тез уақытта жетек тетігінің бұзылып, ара шынжырының (ара шынжырының тежегіші, ажыратқышы) жетегінің бүлінуіне әкелуі мүмкін.

19.8 Өте төмен температураларда

- Моторды азғантай уақыт бойы газ беру арқылы қыздырыңыз

19.9 Моторды тоқтатыңыз

- Қиыстырылған иінтіректі тоқтатылған **0** күйге орнатыңыз

19.10 Егер де мотор іске қосылмаса

Алғашқы оталдырудан кейін, қиыстырылған иінтірек |~| Ауа қақпақшасының жабық күйінен |\(Газды іске қосу күйіне лезде ауыстырылмаған болса, бұл мотордың оталдыру жүйесінің тоқтап қалғанын білдіруі мүмкін.

- Қиыстырылған иінтіректі Стоп **0** күйіне орнату қажет
- От алдыру шамын алып тастаңыз - "От алдыру шамы" бөлімін қараңыз
- От алдыру шамын кептіріңіз
- Жандыру камерасын желдету үшін - іске қосу құрылғысын бірнеше рет тартыңыз
- От алдыру шамын қайтадан салыңыз - "От алдыру шамы" бөлімін қараңыз
- Қиыстырылған иінтірек, |\(Газды іске қосу күйіне орнатылуы тиіс, бұл мотор салқын болған жағдайға да қатысты
- Моторды қайтадан іске қосыңыз

20 Қолдану жөніндегі нұсқаулар

20.1 Бірінші рет қолданған кезде

Жап-жаңа фабрикалық құрылғыны, жанармай бағын үшінші рет толтырғанға дейін жүктемесіз жоғары жиілікпен қолданбаңыз, себебі жаттықтырып жұмыс істеген кезде оған қосымша жүктемелер түсуі мүмкін. Жаттықтырып жұмыс істеген кезде, жылжымалы бөлшектер бір-біріне үйкелеуі керек - жетек тетігінде үйкеліске қатысты жоғары дәрежелі кедергі бар. Мотор 5-15 рет жанармаймен толтырылғаннан кейін ең жоғарғы қуатына жетеді.

20.2 Жұмыс барысында

Нұсқау

Алдамшы жоғары қуатқа жету мақсатымен карбюраторды аса бәсеңдетілген қоспаға реттемеңіз, себебі мотор бүлініп қала алады - "Карбюраторды ретке келтіру" бөлімін қараңыз.

Нұсқау

Ара шынжырының тежегішін түсіріп қана газ беріңіз. Ара шынжырының тежегіші бұғатталғанда мотордың айналым жиілігі жоғары болған кезде (ара шынжыры қозғалыссыз болса), қысқа уақыт өткеннен кейін жетек тетігі бұзылып, ара шынжырының (ара шынжырының тежегіші, ажыратқышы) жетегі бүлінетін болады.

20.2.1 Ара шынжырының керілісін жиірек бақылап тұрыңыз

Жаңа ара шынжыры, ұзақ уақыт бойы қолданылып жатқан шынжырдан да анағұрлым жиі тартылуы тиіс.

20.2.2 Суық күйде

Ара шынжыры шинаның төменгі жағына жансуы тиіс, алайда бағыттауыш шина бойынша шынжыр қолмен де тартылуы тиіс. Қажет болса, араның шынжырын тартыңқыраңыз - "Ара шынжырының керілуі" бөлімін қараңыз.

20.2.3 Жұмыс температурасында

Ара шынжыры ұзарады және салбырайды. Шинаның төменгі жағындағы жетекші үзбелер қуыстан шығып кетпеуі керек, әйтпесе ара шынжыры шинадан шығып кете алады. Араның шынжырын тартыңқыраңыз - "Ара шынжырының керілуі" бөлімін қараңыз.

Нұсқау

Ара шынжыры суыған кезде тартылады. Бәсеңдетілмеген ара шынжыры, буынды біліктің және мойынтіректердің бүлінуіне әкеліп соқтыра алады.

20.2.4 Толық жүктемеде ұзақ уақыт бойы жұмыс істегеннен кейін

Жылудың үлкен бөлігі салқындатқыш ауаның ағынымен аулақ әкетілмейінше, моторды біраз уақыт бойы бос жүрісте жүргізіңіз, соның арқасында жылудың тоқтап қалуының салдарынан жетектің бөлшектеріне түсірілетін (от алдыру жүйесі, карбюратор) жүктеме төмендейді .

20.3 Жұмысты аяқтағаннан кейін

- Ара шынжыры жұмыс барысында жұмыс температурасында тартылған қалыпта болса, оны бәсеңдетіңіз

Нұсқау

Жұмысты аяқтағаннан кейін міндетті түрде ара шынжырын бәсеңдетіңіз! Ара шынжыры суыған кезде тартылады. Бәсеңдетілмеген ара шынжыры, буынды біліктің және мойынтіректердің бүлінуіне әкеліп соқтыра алады.


20.3.1 Жұмыста қысқа мерзім бойы үзіліс жасаған кезде

Моторды суытыңыз. Жанармай багы толтырылған құрылғыны келесі ретке қолданғанға дейін құрғақ жерде, тұтану көздерінен алшақ жерде сақтаңыз.

20.3.2 Жұмыста ұзақ мерзім бойы үзіліс жасаған кезде

"Құрылғыны сақтау" бөлімін қараңыз

21 Бағыттаушы шинаны бабында ұстау



- Әсіресе бұрылыс орнында және төменгі жақта бір жақты тозу белгісі орын алмас үшін ара шынжырын әрбір рет қайрағаннан және ауыстырғаннан кейін бағыттауыш шинаны бұрыңыз
- Майға арналған енгізу саңылауын (1), майға арналған енгізу арнасын (2) және шинаның қуысын (3) біркелкі етіп тазартыңыз
- Кескіш қабаттың көптеп тозған аумағында егеу шаблонындағы (арнайы құрал-жабдықтар) өлшеуіш сызғыштың көмегімен қуыстың тереңдігін өлшеңіз

Шынжырдың сериясы	Шынжырдың қадамы	Қуыстың ең жоғары тереңдігі
Piccо	1/4″ P	4,0 мм
Rapid	1/4″	4,0 мм
Piccо	3/8″ P	5,0 мм
Rapid	3/8″; 0.325″	6,0 мм
Rapid	0.404″	7,0 мм


Егер де қуыстың тереңдігі ең аз өлшемнен кем болса:

- бағыттауыш шинаны ауыстырыңыз

Керісінше жағдайда, жетекші элементтер қуыстың негіздемесіне үйкеленеді – тістің аяғы және біріктіргіш үзбелер бағыттауыш шинаның траекториясымен айналмайды.

22 Қаптама

22.1 Қаптаманы шешу



- Бекіткіш арнайы құралдың көмегімен сол жаққа қарай 90°-ға бұрау арқылы ашылады
- Қаптаманы жоғары қарай тартып алып тастаңыз

22.2 Қаптаманы орнату


Қаптама кері тәртіппен орнатылады.

23 Ауа тазалау сүзгісін тазалау


23.1 Қозғалтқыштың қуаты төмендеген жағдайда

- Газ иінтірегінің тежеушісі мен газ иінтірегін бірге басыңыз және қиыстырылған иінтіректі |~| ауа қақпақшасының жабық күйіне орнатыңыз
- Фильтрдің айналасын қатып қалған ластанудан тазартыңыз
- Қаптаманы алып тастаңыз – "Қаптама" бөлімін қараңыз

MS 170, MS 180



MS 170 2-MIX, 180 2-MIX



- Фильтрді жоғары қарай тартып шығарыңыз
- Фильтрдің үстінен сәл тарсылдатыңыз немесе сырт жағына аударып, сығылған ауамен үрлеңіз - **жумаңыз**

Флисті фильтрді қылшақпен тазартпаңыз!


Егер фильтр тазартпаса немесе бүлінген болса, оны ауыстырыңыз

- Ауа фильрін қайтадан орнатыңыз

24 Карбюраторды ретке келтіру

24.1 Негізгі ақпарат

Қарбюратордың зауыттық баптауларына сәйкес , оның барлық қолданыс тәртіптерінде моторға жанармай-ауа қоспасы оңтайлы түрде жеткізіледі.



24.2 Стандартты баптаулар

- Ауа фильтрін тексеріңіз және қажет болса ауыстырыңыз
- Шолақ айналым жилігінің реттеуші бұрандасын (LD), шегіне дейін абайлап сағаттың тіліне қарсы бұраңыз (сол жақ бұранда) - сосын сағат тіліне қарай 2 айналымға бұраңыз (Стандартты баптау **LD = 2**)

24.3 Шолақ айналымды баптау

- Моторды іске қосып,қызғанын күтіңіз
- Шолақ айналым жилігінің реттеуші бұрандасының (LD) көмегімен шолақ айналымды баптаңыз: Ара шынжыры бірге қозғалмауы тиіс

Шолақ айналым саны тым аз

- Шолақ айналым жилігінің реттеуші бұрандасын (LD), ара шынжыры онымен бірге қозғала бастағанша сағаттың тіліне қарай бұраңыз - сосын артқа қарай 1/2 айналымға бұраңыз

Ара шынжыры шолақ айналыммен қозғалады

- Шолақ айналым жилігінің реттеуші бұрандасын (LD), ара шынжыры тоқтамайынша сағат тіліне қарсы бағыт бойынша баяу бұраңыз - содан дәл сол бағытпен 1/2 айналымға бұраңыз

Сақтандыру

Егер ара шынжыры ретке келтірілгеннен кейін шолақ айналымын тоқтатпаса, араны мамандандырылған дилерге жөндеуге беріңіз.


25 От алдыру білтесі

- Қозғалтқыштың қуаты жеткіліксіз болса, нашар қосылып жатса немесе бос жүрісте шалыс істеп тұрса, ең алдымен от алдыру білтесін тексеріп алғаныңыз жөн.
- Шамамен 100 сағаттық жұмыстан кейін от алдыру білтесін жаңасына ауыстырыңыз, электродтары қатты күйіп кеткен болса, одан да ерте ауыстырыңыз, STIHL фирмасы тарапынан рұқсат етілген кедергілерден қорғайтын от алдыру білтелерін ғана қолданыңыз - "Техникалық сипаттамалар" бөлімін қараңыз.


25.1 От алдыру білтесін қайта құрастыру

- Газ иінтірегінің тежеушісі мен газ иінтірегін бірге басыңыз және қиыстырылған иінтіректі |↤| ауа қақпақшасының жабық күйіне орнатыңыз
- Қаптаманы алып тастаңыз – "Қаптама" бөлімін қараңыз

MS 170, MS 180




MS 170 2-MIX, 180 2-MIX




- От алдыру білтесінің жанасқан ұшын қысып буыңыз
- От алдыру білтесін бұрап алыңыз

25.2 От алдыру білтесін бақылау



- Ластанған от алдыру білтесін тазартыңыз
- Электродтардың (A) арасындағы қашықтықты тексеріңіз, егер қажет болса, онда қашықтықтың көлемін ретке келтіріңіз - "Техникалық сипаттамалар" бөлімін қараңыз
- От алдыру білтесінің кірлену себептерін кетіріңіз

Ластанудың ықтимал себептері:
– жанармайдағы мотор майының артық болуы.
– ауа сүзгісінің ластануы,
– қолданыстың жағымсыз шарттары.



Сақтандыру

Егер біріктіргіш сомын (1) бұрап тарылмаса немесе болмаса ұшқын шығуы мүмкін. Жеңіл тұтанатын немесе жарылуы мүмкін орталарда жұмыс істегенде өрт немесе жарылыс болуы мүмкін. Адамдар ауыр жарақат алуы және оларға материалдық нұқсан келтірілуі мүмкін

- Бөгеуілдерден құралған біріктіргіш сомынмен қамтылған от алдыру білтесін қолданыңыз

25.3 От алдыру шамын орнату

- От алдыру шамын бұрап, шамның штекерін нықтап орнатыңыз - кері тәртіпте бөлшектерді қайта жалғаңыз

26 Құрылғыны сақтау


Жұмыста 30 күннен артық Пайдаланудағы кідіріс жасалған болса

- Жанармай багын жақсы желдетілетін жерде босатыңыз және тазалаңыз
- Жанармайды нұсқауларға сай және қоршаған ортаға нұқсан келтірмей кетіріңіз
- Қолмен атқарылатын жанармай сорғысы болған кезде: кем дегенде 5 рет қолмен атқарылатын сорғысын басыңыз
- Қозғалтқышты іске қосыңыз және ол тоқтағанша бос жүріспен жұмыс істетіңіз
- Ара шынжырын және бағыттауыш шинаны алып тастаңыз, тазартыңыз және шашырату арқылы қорғаныш майын жағыңыз
- Құрылғыны, әсіресе цилиндрдің қырларын және ауа сүзгісін жақсылап тазартыңыз
- Биологиялық майды қолданған кезде (мысалы, STIHL BioPlus маркалы май) майлағыш майға арналған бакты толығымен толтырыңыз
- Құрылғыны құрғақ әрі қауіпсіз жерде сақтаңыз Рұқсатсыз қолданудан қорғаңыз (мысалы, балалардың қолдануынан)

27 Шынжырлы тісті доңғалақты тексеру және ауыстыру

- Шынжыр жұлдызшасының қақпағын, ара шынжырын және бағыттауыш шинаны алып тастаңыз
- Шынжыр тежегішін босатыңыз - қорғаныш қалқаншасын шілтер тұтқасынан ары тартыңыз


27.1 Шынжыр жұлдызшасын басқасына ауыстырыңыз



– ара шынжырының екеуі тозғаннан кейін немесе одан ертерек
– Егер қозғалыс іздері (бағыттары) 0,5 мм тереңдіктен артық болса - керісінше жағдайда ара шынжырының қызмет ету мерзімі төмендейді - тексеріс кезінде бақылау үлгісін қолданыңыз (қосалқы жарақтар)

Екі шынжырларды алмастыра қолданған жағдайда, шынжырдың жұлдызшасы анағұрлым көп қызмет атқарады.

STIHL компаниясы шынжырының тежегіші оңтайлы қызмет көрсету үшін STIHL түпнұсқалы шынжыр жұлдызшаларын қолдануыңызға ұсыныс береді.



- Тежеуіш тығырығын бұрауыштың көмегімен ығыстырып шығарыңыз
- Тығырықты алып тастаңыз
- Шынжыр жұлдызшасын, инелі ролик-мойынтірек сепараторымен бірге буынды біліктен алып тастаңыз

27.2 Шынжыр жұлдызшасын орнатыңыз

- Буынды біліктің бүйір жағын және инелі ролик-мойынтірек сепараторын тазартып, STIHL маркалы майлағыш сұйықтықпен майлаңыз (қосымша жарақтар)
- Инелі ролик-мойынтірек сепараторын буынды біліктің бүйір жағына кигізіңіз
- Шынжыр жұлдызшасын орнатқаннан кейін, май сорғысының жетегі ілінісуі үшін, оны шамамен 1 айналымға бұрау керек.
- Буынды білікке тығырықты және тежеуші тығырықты қайтадан кигізіңіз

28 Техникалық қызмет көрсету және араның шынжырын қайрау

28.1 Дұрыс егелген ара шынжырымен оңай аралап кесу

Мінсіз егелген ара шынжыры, аздап басқанның өзінде де сүрекке ойып орнатылады.

Доғал немесе бүлінген ара шынжырымен жұмыс істемеңіз - онда көп күш-қуат жұмсалатын болады, жоғары дәрежелі айнымалы жүктеме түсіріледі, кесу нәтижесі қанағаттандырмайды және ол қатты тозады.


- Ара шынжырын тазартыңыз
- Ара шынжырында жарықтардың немесе тойтармалардың бүлінбегенін тексеріңіз.
- Шынжырдың бүлінген немесе тозған бөлшектерін ауыстырыңыз және жаңа бөлшектерді пішіні және тозу дәрежесі бойынша қалған бөлшектерге сай келтіріңіз, содан кейін сәйкесінше қосымша түрде өңдеу қажет болады.

Қатты қоспадан жасалған (Duro) ара шынжырының элементтері аса төзімді болып келеді. Егеу нәтижесі оңтайлы болуы үшін STIHL компаниясы STIHL мамандандырылған дилеріне жүгінуге ұсыныс береді.

Сақтандыру

Төменде келтірілген бұрыштар мен өлшемдерді міндетті түрде сақтаныңыз. Бензин арасының шынжырын дұрыс егемеген кезде, әсіресе тереңдіктің шектегіштері тым төмен болатын жағдайда кері беріліске ұшырауы әбден мүмкін, **соның салдарынан жарақат алу қаупі төне алады**!

28.2 Шынжырдың қадамы




Шынжыр қадамының белгіленуі (**a**) әрбір кескіш тістің кесу тереңдігінің шектегіші аумағында ойып жасалған.

Белгіленуі (**a**)	Шынжырдың қадамы	
	Дюйм	мм
7	1/4 P	6,35
1 немесе 1/4	1/4	6,35
6, P немесе PM	3/8 P	9,32
2 немесе 325	0 325	8,25
3 немесе 3/8	3/8	9,32
4 немесе 404	0 404	10,26

Егеудің диаметрі шынжырдың қадамына сәйкес таңдалады - "Егеуге арналған құрал-саймандар" кестесін қараңыз.

Араны қосымша ретте егеген кезде, кескіш тістегі бұрыштар міндеті түрде бұзылмауы тиіс.

28.3 Егеу бұрышы және алдыңғы бұрыш



A Егеу бұрышы

STIHL ара шынжырлары 30° егеу бұрышымен егеледі. 10° егеу бұрышымен бойлай аралап кесуге арналған ара шынжырлары бұл қатарға қосылмайды. Бойлай аралап кесуге арналған ара шынжырлары X түрінде белгіленеді.

B Алдыңғы бұрыш


Егеудің белгіленген ұстағышын және ұстағыштың диаметрін қолданған кезде, автоматты түрде дұрыс бұрыш қалыптасады.

Тістердің пішіні	Бұрыш (°)	
	A	B
Micro = жартылай қашау тәрізді тіс, мысалы, 63 PM3, 26 RM3, 36 RM	30	75
Super = толықтай қашау тәрізді тіс, мысалы, 63 PS3, 26 RS, 36 RS3	30	60

Бойлай аралап кесуге арналған ара шынжыры, мысалы, 63 PMX, 36 RMX	10	75

Ара шынжырының барлық тістерінің бұрыштары бірдей болуы тиіс. Бұрыштары бірдей болмаған кезде: шынжыр қадамы қиын қозғалады, әркелкі болады, қатты тозады, тіпті ара шынжыры үзіліп те кетуі мүмкін.

28.4 Егеудің ұстағышы




► **Егеулердің ұстағыштарын қолданыңыз**

Ара шынжырын тек қана егеудің ұстағышын қолдана отырып қолмен егеңіз (арнайы құрал-сайман, "Егеуге арналған құрал-саймандар" кестесін қараңыз). Егеулердің ұстағыштарында егеу бұрышына арналған таңбаламалар белгіленген.

Ара шынжырларын егеуге арналған арнайы егеулерді ғана қолданыңыз! Басқа егеулер өздерінің пішіні мен түрі бойынша ара шынжырларын егеуге жарамсыз болып келеді.


28.5 Бұрыштарды бақылаған кезде




STIHL егеу шаблонын пайдаланыңыз (арнайы құрал-сайман, "Егеуге арналған құрал-саймандар" кестесін қараңыз) - егеу бұрышын және алдыңғы бұрышты, тереңдіктің шектегішінің биіктігін, тістің ұзындығын, қуыстың тереңдігін бақылауға қуыстарды және кіріс май саңылауларын тазартуға арналған әмбебап құрал-сайман.

28.6 Дұрыс егеу

- ► Ара шынжырының қадамына сәйкес егеуге арналған құрал-сайманды таңдаңыз
- ► Қажет болса, бағыттауыш шинаны бекітіп қойыңыз
- ► Ара шынжырын бұғаттаңыз - қол қорғанышын алдына қарай шығарыңыз
- ► Шынжырды одан әрі тарту үшін, қол қорғанышын түтікшелі тұтқаға қарай тартыңыз. ара шынжырының тежегіші түсірулі. Ара шынжырының QuickStop тежегіш жүйесінде газ иінтірегінің тежеушісін қосымша ретте басу керек.
- ► Жиірек егеп тұру керек, бірақ материалды аздап алу қажет - қарапайым қосымша егеуге екі немесе үш егеу әрекеті де жеткілікті болады





- ► Егеудің бағыты: **көлденең** (бағыттауыш шинаның бүйірлік қабатына тік бұрышпен), сәйкесінше белгіленген бұрыштарға - егеудің ұстағышындағы таңбаламаларға сәйкес - егеудің ұстағышын тістің арқалығына және тереңдіктің шектегішіне қойыңыз
- ► Ішкері жақтан тысқары егеңіз
- ► Егеу тек қана алдына қарай қозғалған кезде егейді - артқа жіберген кезде егеуді көтеріңкіреңіз
- ► Біріктіргіш және жетекші үзбелерді егемеңіз


- ► Егеудің бір жағы тозып кетпес үшін, егеуді үнемі аздап бұрып тұрыңыз.
- ► Егеуден қалған үгінділерді қатты ағаштың кесегімен кетіріңіз
- ► Егеу шаблонын қолдана отырып бұрыштарды тексеріп шығыңыз

Ара шынжырының барлық кескіш тістерінің ұзындығы бірдей болғаны жөн.

Тістердің ұзындығы әркелкі болса, тістердің биіктігі де әртүрлі болады, соның салдарынан ара шынжыры қиын қозғалады және шынжыр үзіліп кетеді.

- ► Барлық кескіш тістерді ең қысқа кескіш тістің тереңдігіне дейін егеңіз - электрлік егеуіш станоктың көмегімен шеберханада егегеніңіз дұрыс болады.

28.7 Тереңдік шектегішінің қашықтығы



Тереңдік шектегіші, сүрекке ойып кесу тереңдігін, яғни жоңқаның қалыңдығын анықтайды.

a Тереңдік шектегіші мен кескіш шеттің арасындағы белгіленген қашықтық


Қатқақ маусымын қоспағанда, жұмсақ сүректі аралап кескен кезде тереңдік шектегішінің қашықтығын 0,2 мм (0,008 дюймге) дейін ұлғайтуға болады.

Шынжырдың қадамы		Тереңдік шектегіші Қашықтық (a)	
Дюйм	(мм)	мм	(дюйм)
1/4 P	(6,35)	0,45	(0 018)
1/4	(6,35)	0,65	(0 026)
3/8 P	(9,32)	0,65	(0 026)
0 325	(8,25)	0,65	(0 026)
3/8	(9,32)	0,65	(0 026)
0 404	(10,26)	0,80	(0 031)

28.8 Тереңдіктің шектегішті егеу

Кескіш тісті егеген кезде тереңдікті шектегіштің қашықтығы азая береді

- ► Әрбір рет егегеннен кейін, тереңдікті шектегіштің қашықтығын бақылап тұрыңыз




- ► Ара шынжырына, ара шынжырының қадамына сай келетін егеу шаблонын (1) қойыңыз және тексерілуге тиісті кескіш тіске қысыңыз - егерде тереңдікті шектегіш шаблоннан шығып кетсе, онда шектегіш қосымша ретте өңделуі керек


Бұдырлы жетекші үзбесі бар ара шынжырлары (2) – бұдырлы жетекші үзбенің бөлшегі (2) (сервистік таңбаламамен) кескіш тістің тереңдікті шектегішімен бірге өңделеді.

Сақтандыру

Бұдырлы жетекші үзбенің қалған аймағы өңделмеуі тиіс, әйтпесе кері беріліске қатысты бензин арасының бейімдігін көтере алады.




- ► Тереңдікті шектегіш егеу шаблонымен бірге өңделуі керек



- Қорыта алғанда, сервистік таңбаламаға (сілтеуішті қараңыз) параллель белгіленген еңістің астында кесу тереңдігінің шектегішін қосымша ретте аралап кесіңіз - бұл ретте, тереңдікті шектегіштің ең жоғарғы нүктесін артқа тартып алмаңыз

Сақтандыру

Кесу тереңдігінің шектегіші аса төмен болса, бензин арасы кері беріліске әбден ұшырап кете алады.



- Ара шынжырына егеу шаблонын қойыңыз - тереңдікті шектегіштің ең жоғарғы нүктесі егеу шаблонымен бір деңгейлес болуы тиіс
- Егеп болғаннан кейін ара шынжырын мұқият тазартыңыз, егегеннен кейін жабысып қалған үгінділерді немесе абразиялық тозаңды алып тастаңыз - ара шынжырын қарқынды түрде майлаңыз
- Ара шынжырының жұмысында ұзақ үзіліс жасалатын болса, оны тазартыңыз және маймен майлап сақтап қойыңыз

Егеуге арналған құрал-саймандар (арнайы керек-жарақтар)

Шынжырдың қадамы		Жұмыр егеу Ø		Жұмыр егеу	Егеудің ұстағышы	Егеуіш шаблон	Жалпақ егеу	Егеуге арналған жиынтық [1]
Дюйм	(мм)	мм	(дюйм)	Артикул	Артикул	Артикул	Артикул	Артикул
1/4P	(6,35)	3,2	(1/8)	5605 771 3206	5605 750 4300	0000 893 4005	0814 252 3356	5605 007 1000
1/4	(6,35)	4,0	(5/32)	5605 772 4006	5605 750 4327	1110 893 4000	0814 252 3356	5605 007 1027
3/8 P	(9,32)	4,0	(5/32)	5605 772 4006	5605 750 4327	1110 893 4000	0814 252 3356	5605 007 1027
0 325	(8,25)	4,8	(3/16)	5605 772 4806	5605 750 4328	1110 893 4000	0814 252 3356	5605 007 1028
3/8	(9,32)	5,2	(13/64)	5605 772 5206	5605 750 4329	1110 893 4000	0814 252 3356	5605 007 1029
0 404	(10,26)	5,5	(7/32)	5605 772 5506	5605 750 4330	1106 893 4000	0814 252 3356	5605 007 1030

[1] Жұмыр егеуі бар ұстағыштан, жалпақ егеуден және егеу шаблонынан құралған

29 Техникалық қызмет көрсету және күтім көрсету жөніндегі нұсқаулар

Төменде келтірілген жұмыстардың түрлері қалыпты жұмыс шарттарына жатқызылады. Қиын жағдайларда (шаңның көп жиналуы, шайырлы сүрек, тропик жыныстарының сүрегі және т.б.) және күн сайын аса ұзақ қолданған кезде аталған аралықтан тиісінше қысқарту керек. Тұрақсыз қолданған кезде, аралықтар сәйкесінше ұзартыла алады.		**жұмысты бастамас бұрын**	**жұмысты аяқтағаннан кейін немесе күн сайын**	**бакты әрбір рет толтырғаннан кейін**	**апта сайын**	**ай сайын**	**жылына бір рет**	**ақау болған кезде**	**бүлінген кезде**	**қажет болғанда**
Жалпы агрегат	Сырттан бақылау (жағдайы, герметикалылығы)	X		X						
	Тазарту		X							
Газ иінтірегі, газ иінтірегінің тежеушісі, ауа жетегін жапқыштың иінтірегі, ауа жапқыштың иінтірегі, тоқтатуды ауыстырып-қосқыш, құрамдастырылған иінтірек (құрастырылғанына байланысты)	Жұмысқа қабілеттілігін тексеру	X		X						
Тежеуіш шынжыры	Жұмысқа қабілеттілігін тексеру	X		X						
	Тексеру шарасын мамандандырылған дилерге тапсыру керек[1)]									X
Қолдан істейтін жанармай сорғысы (бар болса)	Тексеру	X								
	Мамандандырылған дилер жөндеуі керек[1)]								X	
Сіңіргіш бастиек/жанармай бағындағы сүзгі	Тексеру					X				
	Сүзгі элементін тазарту, ауыстыру					X		X		
	Ауыстыру						X		X	X
Жанармай бағы	Тазарту					X				
Майлағыш майға арналған бак	Тазарту					X				
Ара шынжырын майлау	Тексеру	X								

1) STIHL компаниясы STIHL мамандандырылған дилерін ұсынады

2) Цилиндрлі пішіндегі бұрандаларды, кәсіби мотоараларын қолданысқа енгізген кезде (қуаты 3,4 кВт-тан басталады) 10-20 сағат бойы атқарылған жұмыстан кейін жақсылап тартыңыз

Төменде келтірілген жұмыстардың түрлері қалыпты жұмыс шарттарына жатқызылады. Қиын жағдайларда (шаңның көп жиналуы, шайырлы сүрек, тропик жыныстарының сүрегі және т.б.) және күн сайын аса ұзақ қолданған кезде аталған аралықтан тиісінше қысқарту керек. Тұрақсыз қолданған кезде, аралықтар сәйкесінше ұзартыла алады.		**жұмысты бастамас бұрын**	**жұмысты аяқтағаннан кейін немесе күн сайын**	**бакты әрбір рет толтырғаннан кейін**	**апта сайын**	**ай сайын**	**жылына бір рет**	**ақау болған кезде**	**бүлінген кезде**	**қажет болғанда**
Ара шынжыры	тексеру, егеу күйіне назар аудару	X		X						
	Ара шынжырының керілісін бақылау	X		X						
	Егеу									X
Бағыттаушы шина	Тексеру (тозу, бүліну)	X								
	Тазарту және басқа жаққа бұрау									X
	Қабыршықтанудан тазарту				X					
	Ауыстыру								X	X
Шынжыр жұлдызшасы	Тексеру				X					
Ауа сүзгіші	Тазарту							X		X
	Ауыстыру								X	
Дірілге қарсы элементтер	Тексеру	X						X		
	Мамандандырылған дилер ауыстыруы керек[1)]								X	
Желдеткіштің корпусында ауаның берілісі	Тазарту		X		X					X
Цилиндр қырлары	Тазарту		X			X				X
Карбюратор	Бос жүрісті тексеру, ара шынжыры ауыспауы керек	X		X						
	Бос жүрісті ретке келтіріңіз, қажет болса мотоарасын дилерге жөндеуге беріңіз[1)]									X
От алдыру білтесі	Электродтардың арасындағы саңылауды ретке келтіру							X		

[1)] STIHL компаниясы STIHL мамандандырылған дилерін ұсынады

[2)] Цилиндрлі пішіндегі бұрандаларды, кәсіби мотоараларын қолданысқа енгізген кезде (қуаты 3,4 кВт-тан басталады) 10-20 сағат бойы атқарылған жұмыстан кейін жақсылап тартыңыз

Төменде келтірілген жұмыстардың түрлері қалыпты жұмыс шарттарына жатқызылады. Қиын жағдайларда (шаңның көп жиналуы, шайырлы сүрек, тропик жыныстарының сүрегі және т.б.) және күн сайын аса ұзақ қолданған кезде аталған аралықтан тиісінше қысқарту керек. Тұрақсыз қолданған кезде, аралықтар сәйкесінше ұзартыла алады.		**жұмысты бастамас бұрын**	**жұмысты аяқтағаннан кейін немесе күн сайын**	**бақты әрбір рет толтырғаннан кейін**	**апта сайын**	**ай сайын**	**жылына бір рет**	**ақау болған кезде**	**бүлінген кезде**	**қажет болғанда**
	Әрбір 100 сағат бойы атқарылған жұмыстан кейін ауыстыру									
Қолжетімді бұрандалар мен сомындар (реттегіш бұрандамалардан басқа)	Тартып бұрау[2)]									X
Шынжыр бекіткіші	Тексеру	X								
	Ауыстыру								X	
Қауіпсіздік техникасы жөніндегі ескертпесі бар жапсырма	Ауыстыру								X	

30 Тозуды азайту және ақаулардың алдын алу

Осы қолдану жөніндегі нұсқаулықта көрсетілген белгіленген өлшемдерді сақтаған жағдайда, құрылғының мерзімінен бұрын тозуынан және бүлінуінен қорғалатын боласыз.

Құрылғыны қолдану, оған техникалық қызмет көрсету және сақтау шаралары, осы қолдану жөніндегі нұсқаулықта баяндалған сипатта мұқият түрде жүзеге асырылуы тиіс.

Қауіпсіздік техникасына, жұмысқа және техникалық қызмет көрсетуге қатысты нұсқауларды сақтамағандықтан барлық бүлінген жерлер үшін пайдаланушы өзі жауап береді. Бұл келесі жағдайларға аса көкейтесті болып келеді:

– STIHL фирмасынан рұқсат алмай бұйымдарға өзгеріс енгізу,
– Осы құрылғымен қолдануға рұқсат етілмейтін, сай келмейтін немесе сапасы төмен болып келетін құрал-саймандарды немесе керек-жарақтарды қолдануға болмайды,
– Құрылғыны мақсатына сай қолданбау,
– Құрылғы спорт іс-шараларында және сайыстырда қолданылса,
– Құрылғы ақаулы толымдаушылармен бірге қолдандықтан бүлінсе.

30.1 Техникалық қызмет көрсету жөніндегі жұмыстар

"Техникалық қызмет көрсету және күтім көрсету жөніндегі нұсқаулар" бөлімінде атап өтілген барлық жұмыстар үнемі өткіліп тұруы қажет. Егер де техникалық қызмет көрсету жөніндегі аталған жұмыстар пайдаланушының

[1)] STIHL компаниясы STIHL мамандандырылған дилерін ұсынады

[2)] Цилиндрлі пішіндегі бұрандаларды, кәсіби мотоараларын қолданысқа енгізген кезде (қуаты 3,4 кВт-тан басталады) 10-20 сағат бойы атқарылған жұмыстан кейін жақсылап тартыңыз

тарапынан орындала алмаса, мамандандырылған дилерге жүгіну керек.


STIHL фирмасы техникалық қызмет көрсету және жөндеу жұмыстарын тек қана STIHL фирмасының сауда-агенті-маманына тапсыруыңызға ұсыныс береді. STIHL фирмасының мамандандырылған агенттері-мамандары біліктілікті арттыру курстарына үнемі қатысып тұрады және олардың иелігіне техникалық ақпарат ұсынылады.

Егер де аталған жұмыстар орындалмаса немесе тиісті түрде орындалмаса, соның салдарынан зақым пайда болса, оған пайдаланушы өзі жауап береді. Осындай бөлшектердің қатарына мыналар жатқызылады:
– Уақытында немесе жеткіліксіз қызмет көрсетілмегеннен жетек тетігі бүлінетін болса (мысалы, ауа және жанармай сүзгілері), карбюратор күйге дұрыс келтірмесе немесе ауа салқындатқыш жүйе жеткіліксіз тазартылса (сіңіргіш шлицтер, цилиндр қырлары),
– Дұрыс емес сақтаудың салдарынан тоттану және басқа да бүліну белгілері
– Сапасы төмен қосалқы бөлшектерді қолданудың салдарынан құрылғының бүлінуі

30.2 Тез тозатын бөлшектер

Мотоқұрылғының кейбір бөлшектері, тіпті мақсатына сай қолданылып жатса да, қалыпты тозу үрдісіне бейім болып келеді, сонымен қатар қолданылатын түріне және ұзақтығына байланысты уақытында ауыстырылып тұруы қажет. Осындай бөлшектердің қатарына мыналар жатқызылады:
– ара шынжыры, бағыттауыш шина
– жетек бөлшектері (ортадан тепкіш жалғастырғыш, біріктіргіш атанақ, шынжыр жұлдызшасы)
– сүзгілер (ауа, май, жанармай сүзгілері)
– Іске қосу құрылғысы
– От алдыру біліктесі
– Дірілге қарсы жүйенің демпферлегіш элементтері

31 Маңызды толымдаушылары



1 Жабылатын қаптама
2 Карбюратордың реттегіш бұрандасы
3 Ара шынжырының тежегіші
4 Шу басқыш
5 Шынжыр жұлдызшасы
6 Шынжырлы жұлдызшаның қақпағы
7 Шынжыр ұстап алғыш
8 Шынжырдың көрілуі (бүйірлік)
9 Шынжырдың көрілуі (алдыңғы)
10 Бағыттаушы шина
11 Oilomatic ара шынжыры
12 Көріп кигізілетін жұлдызша (шынжырдың жылдам көрілуі)
13 Тұтқа
14 Май бағының қақпағы
15 Тісті тірек
16 алдыңғы қолды қорғау
17 алдыңғы сап (түтікті сап)
18 От алдыру біліктесінің жанасқан ұшы
19 Іске қосатын сап
20 Қиыстырылған иінтірек
21 Жанармай бағының қақпағы

22 Газ иінтірегі

23 Газ иінтірегінің тежеушісі

24 артқы сап

25 артқы қолды қорғау

 # Сериялық номер

32 Техникалық сипаттамалар

32.1 Ауыстыратын механизм

STIHL бір цилиндрлі екі ырғақты қозғалтқышы

32.1.1 MS 170, MS 170 C

Жұмыс көлемі:	30,1 см^3
Цилиндрдің саңылауы:	37 мм
Мікбас жүрісі:	28 мм
ISO 7293 сәйкес қуаты:	8500 1/мин ауқымында 1,3 кВт (1,8 ақ)
Бос жүрістегі қозғалтқыштың айналым саны:[1)]	2800 1/мин

32.1.2 MS 170 2-MIX

Жұмыс көлемі:	30,1 см^3
Цилиндрдің саңылауы:	37 мм
Мікбас жүрісі:	28 мм
ISO 7293 сәйкес қуаты:	10000 1/мин ауқымында 1,2 кВт (1,6 ақ)
Бос жүрістегі қозғалтқыштың айналым саны:[1)]	2800 1/мин

32.1.3 MS 180 2-MIX

Жұмыс көлемі:	31,8 см^3
Цилиндрдің саңылауы:	38 мм
Мікбас жүрісі:	28 мм
ISO 7293 сәйкес қуаты:	10000 1/мин ауқымында 1,4 кВт (1,9 ақ)
Бос жүрістегі қозғалтқыштың айналым саны:[1)]	2800 1/мин

32.1.4 MS 180, MS 180 C

Жұмыс көлемі:	31,8 см^3
Цилиндрдің саңылауы:	38 мм
Мікбас жүрісі:	28 мм
ISO 7293 сәйкес қуаты:	9000 1/мин ауқымында 1,5 кВт (2,0 ақ)
Бос жүрістегі қозғалтқыштың айналым саны:[1)]	2800 1/мин

32.2 От алдыру жүйесі

Электронды түрде басқарылатын магнето

От алдыру білтесі (кедергілерден қорғалған):	
MS 170, MS 180:	Bosch WSR 6 F, NGK BPMR 7 A
MS 170 2-MIX, MS 180 2-MIX:	NGK CMR6H
Электродтардың арасындағы саңылау:	0,5 мм

32.3 Жанармай жүйесі

Орналасу күйін талғамайтын, жанармай сорғысы құрылған мембраналық карбюратор

Жанармай бағының сыйымдылығы:	250 см^3 (0,25 л)

32.4 Ара шынжырын майлау

Айналымдардың санына байланысты жұмыс істейтін толығымен автоматтандырылған май сорғысы және оның бұрылыс поршені

Май бағының сыйымдылығы:	145 см^3 (0,145 л)

32.5 Салмағы

толтырылмаған, кескіш гарнитурасыз

MS 170:		4,0 кг
MS 170 C	ErgoStart-пен:	4,2 кг
MS 170 2-MIX:		4,1 кг
MS 180:		4,1 кг
MS 180 C	шынжырдың жылдам керілуі және ErgoStart:	4,2 кг
MS 180 2-MIX:		4,1 кг

32.6 MS 170, MS 170 C кескіш гарнитурасы

Кесу ұзындығы, көрсетілген ұзындықтан кем бола алады.

32.6.1 Rollomatic бағыттаушы шиналары

Кесу ұзындығы (Қадам 3/8"P):	30, 35, 40 см
Науаның ені:	1,1 мм

32.6.2 3/8"Picco ара шынжыры

Picco Micro Mini 3 (61 PMM3) сериясы 3610

Қадам:	3/8"P (9,32 мм)
Жетекші үзбенің қалыңдығы:	1,1 мм

32.6.3 Шынжыр жұлдызшалары

3/8" P арналған 6 тіс

MS 170, MS 170 C:

[1)] ISO 11681 сәйкес +/- 50 1/мин

ISO 11681 сәйкес шынжырдың ең жоғары жылдамдығы: 21,1 м/с
Максималды қуат жағдайында шынжырдың жылдамдығы: 18,6 м/с
:
MS 170 2-MIX:
ISO 11681 сәйкес шынжырдың ең жоғары жылдамдығы: 24,8 м/с
Максималды қуат жағдайында шынжырдың жылдамдығы: 18,6 м/с

32.7 MS 180, MS 180 C кескіш гарнитурасы

Кесу ұзындығы, көрсетілген ұзындықтан кем бола алады.

32.7.1 Rollomatic бағыттаушы шиналары

Кесу ұзындығы (Қадам 3/8"P): 30, 35, 40 см
Науаның ені: 1,1 мм
Науаның ені: 1,3 мм

32.7.2 3/8"Picco ара шынжырлары

Picco Micro Mini 3 (61 PMM3) сериясы 3610
Қадам: 3/8"P (9,32 мм)
Жетекші үзбенің қалыңдығы: 1,1 мм

Picco Micro 3 (63 PM3) сериясы 3636
Picco Duro (63 PD3) сериясы 3612
Қадам: 3/8"P (9,32 мм)
Жетекші үзбенің қалыңдығы: 1,3 мм

32.7.3 Шынжыр жұлдызшасы

3/8" P арналған 6 тіс

MS 180, MS 180 C:
ISO 11681 сәйкес шынжырдың ең жоғары жылдамдығы: 22,3 м/с
Максималды қуат жағдайында шынжырдың жылдамдығы: 18,6 м/с

MS 180 2-MIX:
ISO 11681 сәйкес шынжырдың ең жоғары жылдамдығы: 24,8 м/с
Максималды қуат жағдайында шынжырдың жылдамдығы: 18,6 м/с

32.8 Дыбыс және діріл шамасы

Жұмыс берушілерге арналған 2002/44/EG дірілдер деңгейіне қатысты директиваның талаптарын сақтауға қажетті деректер төменде келтірілген, www.stihl.com/vib сайтынан қараңыз

32.8.1 ISO 22868 талаптарына сәйкес L_{peq} дыбыс қысымының деңгейі

MS 170: 98 дБ(A)
MS 170 C: 98 дБ(A)
MS 170 2-MIX: 100 дБ(A)
MS 180: 98 дБ(A)
MS 180 C: 98 дБ(A)
MS 180 2-MIX: 100 дБ(A)

32.8.2 ISO 22868 талаптарына сәйкес L_w дыбыс қуатының деңгейі

MS 170: 109 дБ(A)
MS 170 C: 109 дБ(A)
MS 170 2-MIX: 111 дБ(A)
MS 180: 110 дБ(A)
MS 180 C: 110 дБ(A)
MS 180 2-MIX: 112 дБ(A)

32.8.3 ISO 22867 талаптарына сәйкес $a_{hv,eq}$ діріл шамасы

	Сол жақ тұтқа	Оң жақ тұтқа
MS 170:	4,2 м/с^2	5,9 м/с^2
MS 170 C:	4,2 м/с^2	5,9 м/с^2
MS 170 2-MIX:	6,9 м/с^2	6,4 м/с^2
MS 180:	6,6 м/с^2	7,8 м/с^2
MS 180 C:	7,6 м/с^2	7,4 м/с^2
MS 180 2-MIX	6,6 м/с^2	7,8 м/с^2

Дыбыс қысымының деңгейі және дыбыс қуатының деңгейі үшін K-мағынасы RL 2006/42/EG = 2,0 дБ(A) шамасына сай келеді; діріл көрсеткіші үшін K-мағынасы RL 2006/42/EG = 2,0 м/с^2 шамасына сай келеді.

32.9 REACH

REACH дегеніміз химикаттарды тіркеуге, бағалауға және жіберуге арналған ЕҚ қаулысы дегенді білдіреді.

REACH (ЕҚ) № 1907/2006 қаулысын орындауға арналған ақпаратты www.stihl.com/reach сайтынан қараңыз

32.10 Пайдаланылған газдар шығарындыларының мәні

ЕО сертификаттау барысында өлшенген CO_2 мәні www.stihl.com/co2 өнімнің белгілі бір түріне техникалық деректерде көрсетілген.

CO_2 өлшенген мәні зертхана жағдайында сынаулардың стандартталған рәсіміне сәйкес типтік қозғалтқышта анықталды және нақты қозғалтқыш үшін өнімділіктің көрсетілген немесе түспалданған кепілдігі болып табылмайды.

Тиісінше қолдану және осы нұсқауда сипатталған техникалық қызмет көрсету жағдайында пайдаланылған газдардың шығарындылары бойынша қолданыстағы талаптар орындалады. Қозғалтқыштағы

өзгертулер пайдалануға рұқсаттың күшін жояды.

32.11 Белгіленген қолданыс кезеңі

Белгіленген қолданыс кезеңі: 30 жылға дейін.

Белгіленген қолданыс кезеңі уақытында, қолдану жөніндегі нұсқаулықтың талаптарына сәйкес тұрақты техникалық қызмет және күтім көрсетіледі.

33 Қосалқы бөлшектерін сатып алу

Қосалқы бөлшектерге тапсырыс берген кезде бензин арасының сауда белгісін, зауыттық нөмірін, сонымен қатар төмендегі кестеде келтірілген бағыттауыш шинаның және шынжыр жұлдызшасының нөмірлерін көрсетіңіз. Осылайша Сіз жаңа кескіш гарнитураны оңай сатып алатын боласыз.

Бағыттауыш шина, ара шынжыры және шынжыр жұлдызшасы тез тозатын бөлшектер болып табылады. Бөлшектерді сатып алған кезде бензин арасының сауда белгісін, бөлшектің нөмірін және атауын көрсетсеңіз жеткілікті болады.

Сауда белгісі

Зауыттық нөмірі

Бағыттауыш шинаның нөмірі

Ара шынжырының нөмірі

34 Жөндеу бойынша нұсқаулар

Аталған құрылғының пайдаланушылары, осы қолдану жөніндегі нұсқаулықта сипатталған техникалық қызмет көрсету және күтім жасау жұмыстарын ғана орындай алады. Жөндеу жұмыстарының қалған түрлерін мамандандырылған дилерлер ғана жүзеге асыра алады.

STIHL фирмасы техникалық қызмет көрсету және жөндеу жұмыстарын тек қана STIHL фирмасының сауда-агенті-маманына тапсыруыңызға ұсыныс береді. STIHL фирмасының мамандандырылған агенттері-мамандары біліктілікті арттыру курстарына үнемі қатысып тұрады және олардың иелігіне техникалық ақпарат ұсынылады.


Жөндеген кезде, аталған моторланған құрылғыға арналған STIHL компаниясымен рұқсат етілген толымдаушыларды немесе техникалық тең сипаттағы толымдаушыларды монтаждауға болады. Жоғары сапалы қосалқы бөлшектерді ғана қолданыңыз. Олай болмаған жағдайларда, жазатайым оқиғалардың орын алу қаупі немесе құрылғының бұзылу қаупі төне алады.

STIHL фирмасы STIHL фирмасының түпнұсқалы қосалқы бөлшектерін қолдануға ұсыныс береді.

STIHL фирмасының түпнұсқалы қосалқы бөлшектерін STIHL толымдаушысының нөмірі, жазбасы **STIHL**® және қажет болса STIHL толымдаушысының белгісі (кішігірім толымдаушыларда тек қана бір белгі бола алады) бойынша анықтап тануға болады.

35 Кәдеге жарату

Кәдеге жаратқан кезде, қандай да бір елге тән болып келетін қалдықтарды кәдеге жарату жөніндегі нормаларды сақтау қажет.



STIHL компаниясының өнімдері тұрмыстық қалдықтар емес. STIHL өнімі, аккумулятор, керек-жарақ және қаптама қоршаған ортаны ластамайтын түрде қайта кәдеге жаратылуы тиіс.

Кәдеге жарату жөніндегі көкейтесті ақпаратты STIHL мамандандырылған дилерінен ала аалсыз.

36 ЕО нормаларына сәйкестік сертификаты

ANDREAS STIHL AG & Co. KG
Badstr. 115
D-71336 Waiblingen

Германия

келесіні өзінің жауапкершілігіне алады

Құрастырма:	Мотоара
Зауыттық таңбасы:	STIHL
Түрі:	MS 170 MS 180 MS 180 C
Сериялық нөмірі:	1130
Жұмыс көлемі:	
барлық MS 170:	30,1 $см^3$
барлық MS 180:	31,8 $см^3$

Құрылғы 2011/65/ЕО, 2006/42/ЕҚ, 2014/30/ЕО және 2000/14/ЕҚ директиваларының тиісті ережелерін орындау жөніндегі талаптарға сай келеді, сонымен қатар осы нұсқа өндірілген күні жарамды болған келесі нормаларға сай әзірленген және дайындалған:

EN ISO 11681-1, EN 55012, EN 61000-6-1

Өлшенген және кепілдік берілген дыбыс қуатының деңгейін белгілеу шарасы, 2000/14/EG директивасының V қосымшасына сай, ISO 9207 стандартын қолдана отырып жүзеге асырылды.

Өлшенген дыбыс қуатының деңгейі

барлық MS 170:	109 дБ(A)
барлық MS 170 2-MIX:	111 дБ(A)
барлық MS 180:	110 дБ(A)
барлық MS 180 2-MIX:	112 дБ(A)

Кепілдік берілген дыбыс қуатының деңгейі

барлық MS 170:	111 дБ(A)
барлық MS 170 2-MIX:	113 дБ(A)
